2. Химия пәнін оқу барысында "деңгейлік тапсырмалар" арқылы сабақты жүйелеу, оқу тапсырмасын сұрау, бекіту кезеңдері көңіліңнен шықты ма? *

3. Галогендер тақырыбын өткен кезде "газдардың адам ағзасына әсері" туралы тапсырма ұнады ма?

4. Оқушылармен бірлесе ойлап тапқан "Нитраттар және пестицидтерге" арналған тапсырма қалай ерекшеленді?

Ынтамыз артып, пәнге қызығушылығымыз ұлғайды

Қызықты тапсырмалар барлық кезде сабақты меңгеруге көмектесті

5. "Фосфат иондарының адам ағзасына өтуі" тапсырмасының ерекше тұсы қандай болды?

Дұрыс тамақтану үшін фосфор мен кальций арасындағы тұтыну мөлшері тепе-теңдікте болуы тиістілігін меңгертті

Фосфорға бай тағамдарды көп пайдалану сүйектерден кальцийді жуып шығаратындығын ұқтым

Тіс пастасын таңдаған кезде міндетті түрде құрамымен танысатын болдым

6. Оқушының өзіндік танымдық дағдысының дамуына; танымдық процестердің соның ішінде, белгілі бір нәсреге назарын шоғырландыру, қабылдау дәрежесінің дамуына, ойлау қабілетінің сыни тұрғыда дамуына әсер еткен оқыту түрі.


Дәстүрлі оқу арқылы

Күнделікті өмірмен байланыс арқылы

7. Алдағы уақытта, химия пәнін меңгеруде қоршаған орта және күнделікті өмірмен тығыз байланыс орнатып оқуды құптайсың ба?


Күнделікті сабақ үдерісінде, химия пәнін күнделікті өмірмен байланыстырғанды жөн көресің бе?

11 ответов




Химия пәнін оқу барысында "деңгейлік тапсырмалар" арқылы сабақты жүйелеу, оқу тапсырмасын сұрау, бекіту кезеңдері көңіліңнен шықты ма?

11 ответов




Галогендер тақырыбын өткен кезде "газдардың адам ағзасына әсері" туралы тапсырма ұнады ма?

11 ответов



Алдағы уақытта, химия пәнін меңгеруде қоршаған орта және күнделікті өмірмен тығыз байланыс орнатып оқуды құптайсың ба?

11 ОТВЕТОВ



Сур. 4. Сауалнама нәтижесі
(Fig. 3. Survey result)

Қорытынды

Қорытындылай келе, жоғарыда аталған қадамдарды жүзеге асыр келесі мәселелерге ықпал етеді:

-жаратылыстану пәндерін оқытудың заманауи әдістері мен технологияларын қолдану арқылы білім беру процесінің тиімділігін арттыру;

-болашақ химия мұғалімдерінің әлеуметтік-гуманитарлық қауіпсіздігінің аспектілерін қалыптастыруды және оларды Абай атындағы ҚазҰПУ түлектерінің кәсіби қызметі нәтижесінде жалпы орта білім беру мекемелерінің білім беру үрдісіне енгізуді қамтамасыз ететін жағдайлар жасау.

-адамның өмірлік маңызды мүдделерін қорғаудың нақты жағдайы ретінде әлеуметтік гуманитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қанағаттану сезімін қалыптастыру.

Жаратылыстану-ғылыми білім беру аясындағы әлеуметтік-гуманитарлық қауіпсіздік мәселелері пәнге байланысты өзіндік ерекшеліктерге ие.

Биологияда олар қоршаған ортаның денсаулық аспектілерінде – байланыстырушы адамның құрамдас бөлігі, табиғат пен қоғам қарым-қатынасында көрінсе, ал, географияда –жеке тұлғалар геосаясат, урбанистика, логистика, "ақылды қала" тұжырымдамасында көрінеді, химияда – экология және күнделікті өмірде химиялық заттарды қауіпсіз қолдану мәселелерінде көрініс табады..

ӘДЕБИЕТТЕР

Акулова О.В., 2008 — *Акулова О.В.* Конструирование ситуационных задач для оценивания компетентности учащихся: Учебно методическое пособие для педагогов школ. СПб: КАРО, 2008. -160 с.

Казаков М.А., 2013 — *Казаков М.А.* Гуманитарная безопасность как основание внутренней политики современной России / М. А. Казаков // Вестник Нижегородского университета им. Н. И. Лобачевского. Серия Социальные науки. – 2013. – №1 (29). – С. 22–27.

Мычко Д.И., 2016 — *Мычко Д.И.* Методические рекомендации и дидактические материалы к проведению факультативных занятий «Химия Земли» // Биология и химия. – 2016. – №9. – С. 24–34.

Захаров В.М., 2000 — *Захаров В.М.* Здоровье среды: концепция / В.М. Захаров. – М.: Центр экологической политики России, 2000. – 30 с.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 846 қаулысы “Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2020–2025 жылдарға арналған тұжырымдамасы”

Пичугина Г.В., 2004 — *Пичугина Г.В.* Химия и повседневная жизнь человека. - М.: Дрофа, 2004. –С.15–20.

REFERENCES

Akulova O.V., 2008 — *Akulova O.V.* Construction of situational tasks for assessing the ability of students: An educational and methodological guide for school teachers. St. Petersburg: KARO, 2008. -160 p.

Kazakov M.A., 2013 — *Kazakov M.A.* Humanitarian protection as the basis of the national politics of modern Russia / M. A. Kazakov // Bulletin of the University named after N. I. Lobachevsky. Social Sciences series. - 2013. – №1 (29). – Pp. 22–27.

Mychko D.I., 2016 — *Mychko D.I.* Methodological guidelines and didactic materials for performing optional courses "Chemistry of the Earth" // Biology and Chemistry. – 2016. – № 9. – Pp. 24–34.

V.M. Zakharov, 2000 — *V.M. Zakharov.* Environmental health: a concept M.: Center for Environmental Policy of Russia, 2000. – 30 p.

Resolution of the government of the Republic of Kazakhstan no. 846 dated December 20, 2018 “Concept of manufacturing and innovational development of the Republic of Kazakhstan for 2020–2025”

Pichugina G.V., 2004 — *Pichugina G.V.* Chemistry and everyday life of a person. - М.: Bustard, 2004. –Pp.15–20.

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ISSN 1991-3494
Volume 3. Number 403 (2023), 45-55
<https://doi.org/10.32014/2023.2518-1467.491>

MPHT 14.35.07

© A.K. Dildabek^{1*}, M.A. Yermaganbetova¹, A.A. Tumysheva², 2023

¹ L.N. Gumilyov Eurasian National University;

² Atyrau University named after Kh.Dosmukhamedov, Atyrau, Kazakhstan.

E-mail: akosh.enu@gmail.com

ANALYSIS OF THE ESSENCE OF THE CONCEPT OF "SMART TECHNOLOGY" IN MODERN PEDAGOGICAL SCIENTIFIC RESEARCH

Abstract. The purpose of this article is a comprehensive overview of the concepts of Smart technologies and objects presented in it. Smart technologies are one of the main directions of modern technologies today. This is due to the fact that Smart technologies are increasingly penetrating into the modern world and have a significant positive impact on the quality of human life and socio-economic development in general. Manufacturers are also trying to make their products Smart for consumers and users. For example: smartphone, smart watch, smart home, Smart city. To conduct this review, focusing on scientific research related to the Internet of Things, which create the basis for smart technologies. After all, the use of the Internet of Things, which has led to the fact that they have become smarter by connecting devices and various sensors to the Internet, accessing big data. Smart technologies are actually implemented in a Smart city, a smart home, or things that a person wears. And the use of the Internet of Things has made the city, the house, and devices in general smarter. The article also describes the main components and features of a smart city in which smart technologies are implemented in practice. Recently, the study of intelligent technologies and the Internet of Things has also taken its place in the field of education. The issues of their teaching as separate subjects or together with other disciplines are studied. After all, when teaching them, it is very important to choose the right software and hardware, use effective methods and techniques.

Keywords: Smart technologies, Internet of Things(IoT), Smart city, Internet, education

© А.Қ. Ділдабек^{1*}, М.А. Ермаганбетова¹, А.А. Тумышева², 2023

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Астана, Қазақстан;

²Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау, Қазақстан.

E-mail: akosh.enu@gmail.com

ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ "SMART-ТЕХНОЛОГИЯЛАР" ҰҒЫМЫНЫҢ МӘНІН ТАЛДАУ

Ділдабек А.Қ. — корреспонденция үшін автор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Информатика кафедрасының докторанты

E-mail: aakosh.enu@gmail.com. ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-9519-0481>;

Ермаганбетова М.А. — Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.

E-mail: madinaerm@mail.ru. ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-8147-0383>;

Тумышева А.А. — магистр, аға оқытушы, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті. Атырау, Қазақстан

E-mail: anar_ta86@mail.ru. ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-9866-3336>.

Аннотация. Бұл мақаланың мақсаты Smart технологиялар тұжырымдамаларына және оған берілген нысандарға жан-жақты шолу жасау. Smart технологиялар — бүгінгі таңдағы заманауи технологиялардың негізгі бағыттарының бірі болып саналады. Себебі, Smart технологиялар қазіргі әлемге көбірек еніп, адамның өмір сүру сапасына және тұтастай алғанда әлеуметтік-экономикалық дамуға айтарлықтай оң әсер етуде. Сондай-ақ, өндірушілер өз өнімдерін тұтынушылар мен қолданушыларға Smart етіп жасауға тырысуда. Мысалы: смартфон, Smart сағат, ақылды үй, ақылды қала. Бұл шолуды технологиялардың ақылды болуына негіз жасайтын Заттар интернетіне қатысты ғылыми зерттеулерге назар аудара отырып жүргізу. Өйткені, құрылғылар мен әр түрлі сенсорларды интернетке қосу, үлкен көлемдегі деректерге қол жеткізу арқылы олардың ақылды болуына себепші болған Заттар интернетінің қолданылуы. Smart технологияларды Ақылды қала, ақылды үй немесе адам киетін заттардан көре аламыз. Ал Заттар интернетінің қолданылуы тұтастай қаланы, үйді, құрылғыларды ақылды етті. Сонымен қатар мақалада ақылды технологиялар іс жүзінде жүзеге асырылатын ақылды қаланың негізгі компоненттері мен ерекшеліктері сипатталған. Соңғы уақыттарда Smart технологиялар мен Заттар интернетін оқыту білім саласында да өз орнын алуда. Оларды жеке пән ретінде немесе басқа пәндермен бірлесе оқыту мәселелері туындауда. Өйткені оларды оқыту кезінде пайдаланатын бағдарламалық және техникалық жасақтамаларды таңдау, тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану өте маңызды.

Түйін сөздер: Smart технология, Заттар интернеті (IoT), Smart қала, Интернет, білім беру

© А.Қ. Ділдабек^{1*}, М.А. Ермаганбетова¹, А.А. Тумышева², 2023

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Астана, Казахстан;

²Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, Атырау, Казахстан.
E-mail: akosh.enu@gmail.com

АНАЛИЗ СУЩНОСТИ ПОНЯТИЯ “SMART ТЕХНОЛОГИИ” В СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ НАУЧНЫХ ИССЛЕДОВАНИЯХ

Аннотация. Целью этой статьи является всесторонний обзор концепций Smart-технологий и объектов, представленных в ней. Smart-технологии – одно из основных направлений современных технологий на сегодняшний день. Это связано с тем, что Smart-технологии все больше проникают в современный мир и оказывают существенное положительное влияние на качество жизни человека и социально-экономическое развитие в целом. Производители также пытаются сделать свою продукцию Smart для потребителей и пользователей. Например: смартфон, умные часы, умный дом, Умный город. Провести этот обзор, сосредоточившись на научных исследованиях, связанных с Интернетом вещей, которые создают основу для умных технологий. В конце концов, использование Интернета вещей, которое привело к тому, что они стали умнее, подключая устройства и различные датчики к интернету, получая доступ к большому объему данных. Smart-технологии на самом деле реализуются в Умном городе, умном доме или вещах, которые носит человек. А использование Интернета вещей сделало умнее город, дом, устройства в целом. Также в статье описаны основные компоненты и особенности умного города, в котором на практике реализуются умные технологии. В последнее время изучение интеллектуальных технологий и Интернета вещей также заняло свое место в сфере образования. Изучаются вопросы их преподавания как отдельных предметов или совместно с другими дисциплинами. Ведь при их обучении очень важно правильно выбрать программное и аппаратное обеспечение, использовать эффективные методы и приемы. В последнее время изучение интеллектуальных технологий и Интернета вещей также заняло свое место в сфере образования. Изучаются вопросы их преподавания как отдельных предметов или совместно с другими дисциплинами. Ведь при их обучении очень важно правильно выбрать программное и аппаратное обеспечение, использовать эффективные методы и приемы.

Ключевые слова: Smart-технологии, Интернет вещей (IoT), Smart город, Интернет, образование

Кіріспе

Smart-технологиялар мен жүйелер қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы өте қарқынды дамып келе жатқан бағыттардың бірі болып табылады. SMART технология элементтері ретінде

қарастыруға болатын құрылғылардың саны жыл сайын артып келеді және өндірушілер өз өнімдерін Smart санатына жасауға тырысуда. Мысалға алар болсақ: Smart сағаттар мен смартфондар, Smart City концессиясына сәйкес Smart house, Smart білім беру, Smart орта, Smart денсаулық сақтау, smart автотұрақ, автономды қосылған автомобильдер және т.б.

Кембриджегі ағылшын тілінің сөздігі бойынша SMART сөзіне берген анықтамалар келесідей сипаттамаларды көрсетеді. SMART: «ақылды, тез ойлануға қабілетті немесе қиын жағдайларда ақылға қонымды ойлауға қабілетті / қиын жағдайларда ақылды әрекет етеді», «ақылды машина, және т. б. дербес жұмыс істей алатындай етіп жұмыс жасау үшін компьютерлерді пайдалану(АҚШ)», «таза, ұқыпты және стильді келбетке ие болу(Ұлыбритания)» деген анықтамалар берілген (Cambridge English Dictionary, 2020). Smart сөзіне ұсынылған түсініктемелерге сүйенсек жылдам арада ақпараттарға қол жеткізу, алмасу, басқару, өздігінен шешім қабылдау, үнемдеу қасиеттері арқылы нысандар ақылды бола бастайды.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақала ақылды технологияларға, сенсорларға, Заттар интернеті мен ақылды технологиялар арасындағы байланыс, сонымен қатар оларды педагогикада қалай оқыту әдістерін қарастыруға бағытталған әдебиеттерге шолу жасауға негізделген. Әр түрлі әдебиеттерге шолу аясында мәліметтер базасындағы ғылыми жарияланымдарға талдау жасалды, сараланды және талқыланды. Сондай-ақ, зерттеудің тағы бір мақсаты ақылды технологиялар туралы педагогикалық зерттеулерде не айтылғандығын зерделеу. Әдебиеттерге шолу қазіргі ақпарат көздерінде белгілі бір тақырыптарға жеке-жеке арналған көптеген шолулар бар екенін көрсетті.

Теориялық негіздеме

К.Б. Ахилеш, Дитмар П.Ф. Меллердің «Smart Technologies: Scope and Applications» еңбегінде Smart технологияларды IoT, жасанды интеллект, робототехника, бұлтты есептеу, машиналық оқыту және үлкен деректермен біріге жұмыс жасау арқылы біздің өмірімізді "ақылды" ету үшін жасалынған деп қарастырады (К.В. Akhilesh, Dietmar P.F, 2020). Аталған 1 суреттегі жеке бағыттардың барлығы бір-бірімен жұмыс жасау арқылы технологияларды smart етеді.



1-сурет. Smart технологияларда қолданылатын салалар

Соңғы уақыттарда әр түрлі жүйелер мен орталарды, технологияларды, материалдар мен нысандарды, аппараттарды сипаттау үшін "интеллектуалды" және "ақылды" сын есімдері жиі қолданылуда. Әдебиеттерге шолу жасайтын болсақ Smart технологияларға берілген анықтамаларды бірінші кестеден көруге болады:

Кесте 1

Автор	Ақылды технологияларға берілген анықтамалар
Элвуд 2008 (Elwood, 2008)	"Сенсорларға, мәліметтер базасына және сымсыз қол жеткізуге мүмкіндік беретін технологиялар қоршаған ортадағы пайдаланушыларға бірлесіп қабылдауға, бейімдеуге және қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Мұндай ақылды технологиялар қазіргі уақытта қарт адамдарға арналған тұрғын үй жобаларында және білім беру орындарында сенсорлармен жұмыс және мұражайлардағы ақпараттық арналарда қолданылады"
Зугби 2015 (Zoughbi, 2015)	"Қоршаған ортаға сәйкес мінез-құлықты автоматты түрде бейімдеуге және өзгертуге қабілетті технологиялар (барлық форматтағы физикалық және логикалық қосымшаларды қоса). Технологиялық сенсорлар арқылы заттарды сезінеді, талдау мен қорытынды жасау үшін мәліметтер береді, ережелер негізінде қорытынды жасайды. Сондай-ақ, ол өзін-өзі құру және өзін-өзі қамтамасыз ету қабілетімен өнімділікті арттыру, болжау, ойлау және одан әрі не істеу керектігі туралы ойлау үшін тәжірибені қолдана отырып үйренуге қабілетті".
Сан Мартин және т.б. (San Martin et al., 2020),	"Аумақтар мен кәсіпорындарды басқаруды жақсарту үшін пайдаланылатын ақпараттық-коммуникациялық технологиялар. Үлкен деректер, бұлтты қызметтер, Заттар интернеті, соңғы пайдаланушыларға арналған Интернет қызметтері жүйесі, жасанды интеллектті қосқанда".

Ақылды технологиялардың анықтамаларының басым көпшілігі оларды ақпараттық технологиялар мен жүйелермен байланыстырады. Әдеби дереккөздердегі берілген сипаттамаларға шолу жасасақ ақылды технологияларға шағын қозғалыс датчиктерінен бастап, қала бойынша бүкіл көше жарығын автоматтандыруға дейінгі кез келген басқа да құрылғылар жататады. Ақылды деп отырған нысандардың, жүйелердің барлығын бірдей деңгейде көруге болмайды, өйткені ақыл ойдың әртүрлі деңгейі бар. Бұл жүйеде жазылған бағдарламаға және оны қолдану аясы мен іс-әрекеттің күрделілігіне байланысты деңгейленеді. Сол себепті де технологиялар мақсаттарына қарай түрлі деңгейде ақылды етіп жасалады. Тағы бір маңызды айырмашылық "автоматтандыру (іс-әрекетті қамтымайтын)" және "автономия (әрекетті қамтитын)" терминдеріне қатысты. Мысалы: қарапайым және ақылды нысандарды қарастырарсақ. Ақылды нысандар автоматтандыруды көрсетеді, бірақ екі нысанның автономия деңгейі әр түрлі. Қарапайым нысандарға қарағанда ақылды нысандардың жауап беру мүмкіншілігі артығырақ болады.

"Ақылды технологиялар" термині өзін-өзі бақылау, талдау және есеп беру, интернет-желілерге қосыла алатын және басқа құрылғыларға немесе қашықтағы дерекқорларға қосыла алатын кез-келген құрылғыны сипаттайды. Бірақ құрылғының интернетке қосылуы немесе ақпаратты жібере және қабылдай алатыны оны ақылды етпейді. Технологиялардың ақылды болуының

тағы бір маңызды себепшісі Заттар интернеті(IoT) және құралдарының қолданылуы.

Заттар интернетінде(IoT) көптеген нысандар немесе "заттар" бар, олардың кейбіреулері зерттеулерде әртүрлі атауларға ие болуы мүмкін, мысалы, Smart құрылғылар, IoT құрылғылар, Smart заттар немесе Smart нысандар. Ақылды құрылғылар қарапайым сенсорлық түйіндерден бастап тұрмыстық техника мен смартфондарға дейін байланыс пен есептеуге қабілетті нысандар болып саналады. Стойкоска және Триодалиев өз зерттеулерінде Smart құрылғыларды заттар интернетіндегі объектілер ретінде қарастырады. Осы айтылғандарға сүйенсек Smart технологиялар мен Заттар интернетіне қатысты зерттеулер немесе жобалар, жұмыстар бір-бірімен байланысты болады.

Төменде көрсетілген 2 - кестеде Заттар интернетіне(IoT) қатысты кейбір танымал анықтамалар берілген:

Кесте 2

Автор	Заттар интернеті
Краненбург Р.В, 2008. (Kranenburg, 2008)	физикалық және виртуалды "заттардың" идентификаторлары, физикалық атрибуттары және виртуалды тұлғалары бар және ақылды интерфейстерді қолданатын, сондай-ақ ақпараттық желіге кедергісіз кіретін стандартты және интероперабельді байланыс протоколдары негізінде өзін-өзі конфигурациялайтын мүмкіндіктері бар динамикалық ғаламдық желілік инфрақұрылым
Желілік кәсіпорын, RFID, микро және наножүйелер, 2008. (Networked enterprise & RFID INFSO, 2008)	"Заттар интернеті (IoT) Интернетке кез-келген уақытта және кез-келген жерде қосылған заттардан тұрады . Техникалық тұрғыдан алғанда, ол сенсорлар мен құрылғыларды Интернетке стационарлық және сымсыз желілер арқылы қосылған күнделікті заттарға біріктіруден тұрады. Интернеттің барлық жерде бір уақытта болуы бұл технологияны жаппай енгізуге мүмкіндік береді. Олардың мөлшері мен құнын ескере отырып, сенсорлар үйлерге, жұмыс орындарына және қоғамдық орындарға оңай біріктіріледі. Осылайша, кез-келген нысанды қосуға болады және Интернет арқылы "өзін көрсете" алады. Сонымен қатар, IoT-да кез-келген объект деректер көзі бола алады . Бұл біздің бизнесті қалай жүргізетінімізді, мемлекеттік секторды басқаруды және миллиондаған адамдардың күнделікті өмірін өзгерте бастайды".
М. Фридеман и К. Флеркемайер (Mattern and Floerkemeier, 2010)	"Заттар интернеті - бұл интернет нақты әлемге, оның ішінде күнделікті заттарға тарайтын көзқарас . Физикалық нысандар енді виртуалды әлемнен ажыратылмайды, бірақ оларды қашықтан басқаруға болады және олар Интернет қызметтеріне физикалық кіру нүктелері ретінде әрекет ете алады. Интернет заттары есептеулерді шынымен қарапайым етеді".

Заттар интернетінің негізгі мақсаты сенсорлар мен құрылғыларды интернетке байланыс жасау арқылы кез келген жерге шынайы уақыт ішінде деректерді жіберіп дұрыс шешім қабылдау. Заттар интернетінде қолданылатын өлшеу құрылғылары бір түйіннен екінші түйінге деректерді беру, тадау, жинау, алмасу үшін интернет желісін пайдаланады.

Дж. Хе, Дан Чиа-Тянь Ло, Ю. Се және Дж. Лартиг зерттеуерінде Заттар

интернетін -сенсорлар, машиналар, автономды құрылғылар, дрондар, ақылды камералар және т.б. сияқты әртүрлі ақылды өзара байланысты құрылғыларды камтиды деп жазады (He, Lo, Xie, & Lartigue, 2016).

Н. Шахид және С. Анея (Shahid and Aneja, 2017) IoT нысандар, әдетте, батареялардан немесе күн панельдерінен жұмыс істейтін, есептеу мүмкіндіктері бар, аты мен мекен-жайы бойынша анықталатын, өзара байланыса алатын т.б. мүмкіндіктері бар құрылғылар ретінде қарастырған. Технологияларды жәй ғана ақылды деп айта алмаймыз, оларды ақылды ету үшін қандай да болмасын өзінің басқалардан ерекшелікті болу керек.

Ақылды құрылғыларды жабдықтау үшін қолданылған сенсорлар өлшеудің барлық түрлерін орындай алады: температура, үдеу, сәулелену, жарық қарқындылығы, ылғалдылық, қозғалыс, жүрек соғысы, қысым және т.б. Алынған сенсор деректерінің, қарым-қатынас пен оқытудың үйлесімі ақылды құрылғыларға белгілі бір дербестік береді, олардың басқа құрылғыларға қарағанда өнімділігін арттырады.

Ақылды қала және Заттар интернеті бойынша (Ahmad, Paul & Rho, 2016; Gubbi et al., 2013; Arasteh et al., 2016) М.М. Ратор, А. Ахмад, А. Пол, Дж. Губи, Р. Буя, С. Марусик, М. Паланисвами, С. Ро, Арастех Х., Хоссейннежад В., Лойя В., Томмазетти А., Тройзи О., Шафи-Хах М., Сиано П. және т.б. ғалымдар өз зерттеулерін жүргізген. Ақылды қала ұғымы кең ауқымды қосымшаларға ие және бұл жердегі әртүрлі нысандар арасындағы қатынасты көрсетуші Заттар интернеті. IoT бір жағынан "Smart құрылыс", "Smart Денсаулық сақтау", "Smart Энергетика", "Smart білім", "Smart басқару", Smart қауіпсіздік жүйелері сияқты ақылды қала тұрғындарының өмірінің әртүрлі аспектілеріне әсер етеді. Екінші жағынан, ол саяси шешімдерге (энергияны үнемдеу, ластануды азайту және т.б.), қашықтан бақылау деңгейде маңызды рөл атқара алады.

Көп жағдайларда SMART сөзі қолданылған нысандарда Заттар интернеті ұғымын да бірге естіп жатамыз, ал осы екі ұғым көп жағдайда бірін-бірі толықтырып тұрады. Осыған Smart City, Smart house концепциясында Smart пен IoT-тың бірге жиі қолданылуы мысал бола алады. Smart City концепциясында әрбір саланы ақылды ету және ол үшін ақылды технологияларды қолдану жоспарланған. Smart технологиялар іс жүзінде Ақылды қала, ақылды үй және адам киетін құрылғыларда жүзеге асырылады.

Ақылды қала - бұл халық санының өсіп келе жатқанына байланысты туындаған мәселелерді шешу үшін барлық қалалық операцияларды оңтайландыруға, тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға көмектесетін интеграцияланған және автоматтандырылған ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдана отырып шешетін инфрақұрылымдық құрылым.

Smart қалалар бірқатар негізгі технологияларға, соның ішінде интернет заттарына (IoT), смартфондарға, сенсорларға және жоғары жылдамдықты байланыс желілеріне сүйене отырып жұмыс жасайды.

Әр түрлі мақсаттаға сенсорларды, GPS сияқты спутниктік деректерді,

коммуналдық көрсеткіштерді, есептегіштерді, камераларды және басқа да қосылған құрылғыларды пайдалану қалаларға үлкен масштабта кеңірек мәліметтер берді. Сондықтан IoT желісінің қолдануда үнемі жиналатын деректердің үлкен көлемін ескертулерге, ақпаратқа және әрекеттерге айналдыратын қосымшалар бар.

Ақылды қала жұмысының маңызды құрамдас бөлігі - қоғамдық пайдалану. Денсаулық сақтау, көлік немесе құтқару қызметтері сияқты қалалық функциялар енді жеке жеке жұмыс істемей, бәрі бір-бірімен байланысты.

Ақылды қаладағы инфрақұрылымның элементтері барлық негізгі қалалық операцияларды қамтиды: сумен жабдықтау және электрмен жабдықтау (ақылды желілер), қалдықтарды жою және қайта өңдеу, санитария, ақылды жолдар және қоғамдық көлік, қол жетімді баспана, сенімді және жылдам Интернет, қызметтерді цифрландыру (электрондық басқару), тұрақты қоршаған орта, азаматтардың қауіпсіздігі мен қорғалуы, Денсаулық сақтау және білім беру қызметтері. Ақылды қаланың инфрақұрылымы оның қоғамдастығына энергияны бөлу, қоқыс жинауды оңтайландыру, жол кептелісін азайту және ауа сапасын жақсарту сияқты мәселелерді шешуге көмектеседі. Мысалы: жолдарға, көше шамдарына, бағдаршамдарға және автомобильдерге салынған сенсорлар мониторинг жүйелеріне жол кептелісін азайту арқылы нақты уақыттағы трафикке жауап беру үшін бағдаршамның жиілігі мен уақытын өзгертуге мүмкіндік беретін деректерді үнемі жібереді. Бұл сенсорлық желілер ауа сапасы, су ағыны, өрт немесе тіпті жабайы табиғат апаттары сияқты қоршаған орта жағдайларын дәл қадағалайды. Датчиктер сонымен қатар ғимараттар, жолдар, бөгеттер және көпірлер сияқты инфрақұрылымның құрылымдық жағдайын бақылауға мүмкіндік береді. Ақылды қоқыс жәшіктері деректерді қалдықтарды басқару компанияларына автоматты түрде жібереді және қоқысты алдын-ала жоспарланған кесте бойынша емес, қажет болған жағдайда шығаруды көздейді және т.б.

Қалалар ақылды болу үшін ең алдымен бір-біріне қосылған болуы керек, яғни үлкен көлемдегі ақпараттарды алып оны тарату керек. Қажетті сандық инфрақұрылымға сенсорлар мен деректерді жинайтын құрылғылар желісі, кең жолақты және сымсыз желілер, сондай-ақ деректерді сақтауға және бөлісуге болатын платформалар кіреді. Адамдар қосымшалардан деректерді кез-келген жерде беруді және алуды талап ететіндіктен, смартфондар маңызды компонент болып табылады.

Киюге болатын «ақылды» құрылғылар. Заттар интернетімен (IoT) байланысты киюге арналған құрылғылар пікірталастардың ортасында. Жүрек соғу жиілігі, терлеу деңгейі, жүрген қадамы, қан қысымы, тіпті қан ағымындағы оттегі деңгейі сияқты күрделі биометриялық өлшеулерді ұсынатын денсаулық пен фитнеске бағытталған киілетін құрылғылар қол жетімді болды.

Ақылды сағаттар, жеңдер, сақиналар, бекітілген датчиктер арқылы алынбалы компоненттер қатарына жатқызылса, ақылды киім, жетек және терапевтік құрылғылар матаға салынған сенсорларды қолдану арқылы

жасалады. Сондықтан да оларды киноге болатын электроника деп аталады.

Ақылды қала ішіндегі маңызды бөліктерінің бірі Smart білім беру. Ақылды технолоиялар білім беру процесінде де өз орнын табуда. Ақылды технологиялар мен Заттар интернетінің білім беруде қолданылуы (Singh et al., 2020; Abdel-Basset, 2019). оқу орындарында өзгерістерге әсер етуі мүмкін. Білім саласында оларды қолданып қана қоймай Smart технологияларды оқыту қазіргі таңда маңызды істердің бірі.

Зерттеу нәтижелері және талдау

Smart технологиялар, Заттар интернеті барлық салада өз орнын тапты, солардың бірі – педагогика саласында болып отыр, яғни оқытуда. Қазіргі білім беру тәжірибесіне заттар интернеті мен ақылды заттарды енгізу кейбір ашық мәселелерге тереңірек назар аударуды қажет етеді: білім берудегі заттар интернетін жалпы пайдалану, және Ақылды технологиялар және заттар интернетін пән ретінде тиімді оқыту үшін маңызды әдіс-тәсілдерді әзірлеу, тапсырмаларды құрастыру.

Қазіргі уақытта ақылды құрылғыларды көптеген салалардағы адамдар пайдаланады, өйткені көптеген үй шаруашылықтары, компаниялар, қалалар, бизнес Smart құрылғылар мен инфрақұрылымды қолдайды. Smart технологияларды қолданып қана қоймай оларды ілгерілету және үнемі дамыту мазмұны мен оқытуға енгізу туралы мәселе туындауы мүмкін. Білім беруде ақылды технологияларды оқыту студенттердің танымдық қызметін тереңдетеді. Сондықтан оларды информатика бойынша оқу бағдарламаларына қосу маңызды. Оқытуда Smart технологиялар мен IoT құрылғыларын пайдаланудың мысалдары білім алу үшін үшін ең жиі қолданылатын Arduino, Raspberry Pi, Keystudio, Micro: bit және Arduino, Python т.б. бағдарламалау тілдері болып табылады (Jang et al., 2018). Осы техникалық және бағдарламалық жасақтамаларды Smart технологияларды оқыту кезінде қолдануға болады. Smart технологияларды білім беруде оқыту болашақ мамандардың ақылды технологиялардың жұмыс жасауын практика түрінде өз қолдарымен құруға олардың жұмыс істеу, деректерді алмасу, қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолдарын тереңірек түсінуге әсерін тигізеді. Білім алушыларға өз бетінше және бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік бере отырып мәселелерді анықтау мен шешуде өз құзыреттерін дамытуға көмектеседі

Қорытынды

Мақалада Smart технологияларға қатысты зерттеулер мен анықтамаларға шолу жасалды. Әдеби шолуда қарастырған анықтамалар мен түсініктерден Smart технологияларға нақты бір тұжырымдама берілмеген, бірақ қоршаған ортаның өзгеруіне байланысты жылдам әрекет етуін, бейімделгіштігін, интернет арқылы деректермен алмаса алуын, сенсорларды қолдануын, өздігінен шешім қабылдай алу сияқты ортақ қасиеттерінің болуымен сипаттайды. Орта немесе құрылғылар ақылды болу үшін бір ғана технология емес жасанды интелект, үлкен деректер, Заттар интернеті, робототехника және машиналық оқыту бағыттарының бірлесе жұмыс атқаруы заттар мен құрылғыларды ақылды етті.

Технологияларды ақылды болуында Заттар инертетінің қолданылуы, ал оның негізгі архитектурасы сенсорлар мен құрылғыларды интернетке сымды және сымсыз байланыстыру арқылы үлкен деректерге нақты уақыт ішінде жеткізіп қажет болған жағдайда кері байланыс жасау.

Технологияларға белгілі бір мақсат бойынша қолданған датчиктер өлшеудің кез келген түрін анықтайды, және мәліметтер Интернет арқылы жіберіледі. Алынған мәліметтер құрылғылардың көмегімен басқарылып, шешім қабылдау әрекеттері жүзеге асырылып, осылайша ақылды болады. Бұл құрылғылардың барлығын біріктіріп жұмыс істеуі Ақылды қала, ақылды үй, немесе адам киетін құрылғылардан практикалық түрде көрініс табады. Озық өлшеу және цифрлық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты ақылды қалалар интернет заттары негізінде әртүрлі электрондық құрылғылармен жарақтандырылды, сондықтан олар бұрынғыға қарағанда ақылды бола бастады.

Ақылды қала ішіндегі кішкентай заттан бастап бүкіл ақылды қаланың өзі сияқты үлкенге дейін Заттар интернеті құрылғыларымен жабдықталған. Сол қала ішіндегі әр бір зат немесе құрылғы жеке бір нысан болып саналады. Осы нысандардың қалай жұмыс істеуі және оны практикалық түрде оқытудың пәндік ерекшеліктері мен әдіс-тәсілдерін анықтау жұмыстың негізгі мақсаты болып отыр. Ал, осы ақылды технологияларды арнайы әдіс-тәсілдермен білім беруде оқыту білім алушылардың өз бетінше терең меңгеру мен көшбасшылық дағдыларды алуын, бұл өз кезегінде жаңа когнитивті нәтижелерге әкеледі деп сенеміз.

REFERENCES

Abdel-Basset M., Manogaran G., Mohamed M. & Rushdy E., 2019 — *Abdel-Basset M., Manogaran G., Mohamed M. & Rushdy E.* Internet of things in smart education environment: Supportive framework in the decision-making process. *Concurrency and Computation: Practice and Experience*, 31(10). Pp. 1–12. <https://doi.org/10.1002/cpe.4515> (in Eng.).

Arasteh H., Hosseinnezhad V., Loia V., Tommasetti A., Troisi O., Shafie-Khah M. and Siano P., 2016 — *Arasteh H., Hosseinnezhad V., Loia V., Tommasetti A., Troisi O., Shafie-Khah M. and Siano P.* Iot-Based Smart Cities: A Survey. 2016 IEEE 16th International Conference on Environment and Electrical Engineering (EEEIC), Florence. Pp. 7–10 June 2016. Pp. 1–6, <https://doi.org/10.1109/EEEIC.2016.7555867> (in Eng.).

Cambridge English Dictionary, 2020 — Cambridge English Dictionary. Smart. In *Cambridge English Dictionary [Электронный ресурс]*: URL: <https://dictionary.cambridge.org/dictionary/english/smart> (қаралған уақыты: 03.04.2022)

Elwood S., 2008 — *Elwood S.* Embedding ubiquitous technologies. In: *Encyclopedia of Information Technology Curriculum, Integration* Robert Morris University, USA, 2008. DOI: 10.4018/978-1-59904-881-9 (in Eng.).

Gubbi J., Buyya R., Marusic S. and Palaniswami M., 2013 — *Gubbi J., Buyya R., Marusic S. and Palaniswami M.* Internet of Things (IoT): A Vision, Architectural Elements, and Future Directions. *Future Generation Computer Systems*, 29. 1645–1660 <http://dx.doi.org/10.1016/j.future.2013.01.010> (in Eng.).

INFSO D. 4 Networked Enterprise & RFID INFSO G., 2020 — 2 Micro & Nanosystems, in Co-operation with the Working Group RFID of the ETP EPoSS. *Internet of Things in 2020: A Roadmap for the Future*. Available online: http://www.smart-systems-integration.org/public/documents/publications/Internet-of-Things_in_2020_EC-EPoSS_Workshop_Report_2008_v3.pdf (in Eng.).

Jang Y.J., Kim J.M. & Lee W.G., 2018 — *Jang Y.J., Kim J.M. & Lee W.G.* Development and application of internet of things educational tool based on peer to peer network. *Peer-to-Peer Networking and Applications*, 11(6), 1217–1229. <https://doi.org/10.1007/s12083-017-0608-y> (in Eng.).

J. He, Dan Chia-Tien Lo, Y. Xie and J. Lartigue, 2016 — *J. He, Dan Chia-Tien Lo, Y. Xie and J. Lartigue.* Integrating internet of things (iot) into stem undergraduate education: Case study of a modern technology infused courseware for embedded system course, *IEEE Frontiers in Education Conference (FIE)*. Oct 2016. Pp. 1–9. <https://doi.org/10.1109/FIE.2016.7757458> (in Eng.).

K.B. Akhilesh, Dietmar P.F., 2020 — *K.B. Akhilesh, Dietmar P.F.* Möller Smart Technologies: Scope and Applications, 1st edn, Springer, Singapore, 2020. <https://doi.org/10.1007/978-981-13-7139-4> (in Eng.).

Kranenburg R.V., 2008 — *Kranenburg R.V.* The Internet of Things: A Critique of Ambient Technology and the All-Seeing Network of RFID // Institute of Network Cultures, 2008. (in Eng.).

Mattern F. and Floerkemeier C., 2010 — *Mattern F. and Floerkemeier C.* From the Internet of Computers to the Internet of Things. In: Sachs, K., Petrov, I. and Guerrero, P., Eds., From Active Data Management to Event-Based Systems and More, Springer Berlin Heidelberg, Berlin. Pp. 242–259. http://dx.doi.org/10.1007/978-3-642-17226-7_15 (in Eng.).

M.M. Rathore, A. Ahmad, A. Paul and S. Rho, 2016 — *M.M. Rathore, A. Ahmad, A. Paul and S. Rho.* Urban planning and building smart cities based on the internet of things using big data analytics, *Computer. Networks.*, 2016 <https://doi.org/10.1016/j.comnet.2015.12.023> (in Eng.).

N. Shahid and S. Aneja, 2017 — *N. Shahid and S. Aneja.* Internet of things: Vision application areas and research challenges, *International Conference on I-SMAC (IoT in Social Mobile Analytics and Cloud) (I-SMAC)*, 2017. Pp. 583–587. DOI:10.1109/I-SMAC.2017.8058246 (in Eng.).

San Martín H., García-de-los-Salmones M., Herrero-Crespo Á., 2020 — *San Martín H., García-de-los-Salmones M., Herrero-Crespo Á.* Citizen perceptions and support for smart city projects: the case of “smart santander”, *Handbook of Research on Smart Territories and Entrepreneurial Ecosystems for Social Innovation and Sustainable Growth Handbook of Research on Smart Territories and Entrepreneurial Ecosystems for Social Innovation and Sustainable Growth*, Spain, 2020 ISBN:9783030591250, 3030591255 (in Eng.).

Singh H., Miah S.J., 2020 — *Singh H., Miah S.J.* Smart education literature: A theoretical analysis. *Educ Inf Technol* 25, 3299–3328 <https://doi.org/10.1007/s10639-020-10116-4> (in Eng.).

Stojkoska B.L.R. & Trivodaliev K.V., 2017 — *Stojkoska B.L.R. & Trivodaliev K.V.* A review of internet of things for smart home: Challenges and solutions. *Journal of Cleaner Production*, 2017, 140. Pp. 1454–1464. DOI:10.1016/j.jclepro.2016.10.006 (in Eng.).

Zoughbi S., 2015 — *Zoughbi S.* Regional development getting started with ICE // *Encyclopedia of Information Science and Technology*, 3rd edn. Vol. 10. Information Resources Management Association, USA, 2015 (in Eng.).

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ISSN 1991-3494
Volume 3. Number 403 (2023), 56-67
<https://doi.org/10.32014/2023.2518-1467.492>

UDC 811
IRSNTI 14.07.09

© **A.M. Elubay^{1*}, G. Sarseke¹, N. Biray², 2023**

¹Eurasian National University L.N. named after Gumilyov, Astana, Kazakhstan;

²Pamukkale University, Denizli, Turkey.

E-mail: *smailova_ase@mail.ru*

PREREQUISITES FOR THE USE OF KAZAKH AND TURKISH PROVERBS IN THE ORGANIZATION OF STUDENTS INDEPENDENT WORK

Asem Mameshkyzy Elubay — doctoral student. Eurasian National University named after L.N. Gumilyov, Astana, Kazakhstan

E-mail: *smailova_ase@mail.ru*. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8746-9623>;

Gulnar Sarseke — Candidate of Philological Sciences, Professor. Eurasian National University named after L. N. Gumilyov, Astana, Kazakhstan

E-mail: *sarseke_ga@enu.kz*. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1670-5131>;

Nergis Biray — Doctor PhD, Professor. Pamukkale University, Denizli, Turkey

E-mail: *nergisb@gmail.com*. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4168-220X>.

Abstract. Language is a means of expressing national identity, culture, worldview, religion and the religion of the nation. The language retains its national code. There is a secret behind every word. One of the tools of the language, filled with a mysterious world, is a proverb. In the Kazakh language lesson, it is impossible to pass a lesson without using a proverb and a saying. The use of proverbs and sayings relating to the female turban in the Kazakh language, the use in language teaching in comparison with Turkish in order to show the connection and history of the single-body language. In this article, we have considered questions about how to effectively offer students the formation of oral speech skills, the correct use of proverbs and sayings using proverbs in Kazakh language lessons. The work on language development in the Kazakh language lessons will be aimed at developing the general game of students. That is, the problem of language development of students is related to their ability to think, and is also organized in the unity of the process of thinking and speech. The main purpose of the organization of language development work related to the teaching of the Kazakh language is to achieve such a level that students to a certain extent can speak Kazakh and convey their thoughts to someone else, as well as understand someone else's speech. To bring students to this level, it is useful to learn

and memorize proverbs. This is due to the promising development of our Motherland, becoming one of the leading countries of the world, the degree of education of the modern young generation, the ability to think creatively. In this regard, the work on the application of new technologies of education and upbringing in educational fields is proceeding at an accelerated pace. The content of modern education proves the high efficiency of teaching in comparison of any phenomena of language with other languages. Our article is also one of those.

Keywords: proverb, Kazakh language, Turkish language, national code

© А.С. Елубай^{1*}, Г. Сарсеке¹, Н. Бирай², 2023

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан;

²Памуккале университеті, Денизли, Түркия.

E-mail: *smailova_ase@mail.ru*

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІН СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДА ҚОЛДАНУДЫҢ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ

Елубай Асем Мамешқызы — докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

E-mail: *iosu8990@mail.ru*. ORCID:<https://orcid.org/0000-0002-8746-9623>;

Сарсеке Гүлнар — филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

E-mail: *sarseke_ga@enu.kz*. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1670-5131>;

Нергиз Бирай — PhD, профессор, Памуккале университеті, Денизли, Түркия

E-mail: *nergisb@gmail.com*. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4168-220X>.

Аннотация. Ұлттың ұлттық болмысын, мәденетін, дүниетанымын, ділі мен дінін танытатын құрал — тіл. Тіл өз бойына ұлттық кодты сақтайды. Әр сөздің астарында жасырынған құпия бар. Осында тылсым дүниеге толы тіл құралының бірі – мақал-мәтел. Қазақ тілі сабағында мақал-мәтелді пайдаланбай сабақ өту мүмкін емес. Қазақ тіліндегі әйел тақыбырына қатысты мақал-мәтелдерді қолдану, түбір бір түркі тілінің байланысы мен тарихын көрсету мақсатында түрік тілімен салыстыра отырып, тіл үйретуде қолдану қолжетімді, замауи амалдардың бірі. Осы мақаламызда қазақ тілі сабағында мақал-мәтелдерді қолдана отырып, студенттердің ауызекі сөйлеу, мақал-мәтелдерді дұрыс қолдану дағдыларын қалыптастыруда қандай тиімді жолмен ұсынуға болатындығы туралы мәселелерді қарастырдық. Қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту жұмыстары студенттердің жалпы ойын дамытуға бағытталады. Яғни, студенттердің тілін дамыту мәселесі олардың ойлау қабілетімен байланылыстыра, сондай-ақ ойлау мен сөйлеу процесінің бірлігінде ұйымдастырылады. Қазақ тілін оқытуға байланысты тіл дамыту жұмысын ұйымдастырудың негізгі мақсаты — студенттер белгілі бір дәрежеде қазақша сөйлеп, өз ойын басқа біреуге жеткізе алатындай, сондай-ақ өзгенің

сөзін ұға, түсіне алатындай деңгейге жету. Студенттерді осындай деңгейге жеткізу үшін мақал-мәтелдерді оқытып, жаттатуға үйреткен тиімді. Бұл Отанымыздың келешек дамуымен, әлемнің алдыңғы қатарлы елдер қатарына қосылуымен, қазіргі жас өркеннің білім дәрежесімен, шығармашыл ойлай алу қабілеттерімен сабақтаса орайласады. Осыған орай білім беру салаларында оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын қолдану жұмыстары жедел қарқынмен жүруде. Заманауи білім беру мазмұнында тілдің қандай да болмасын құбылыстарын басқа тілдермен салыстыра оқытудың аса жоғары тиімділігі дәлелденген. Біздің мақаламыз да осының бірі көрінісі.

Түйін сөздер: мақал-мәтел, қазақ тілі, түрік тілі, ұлттық код

© А.С. Елубай^{1*}, Г.Сарсеке¹, Н. Бирай², 2023

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева;

²Университет, Денизли, Түрция.

E-mail: *smailova_ase@mail.ru*

ПРЕДПОСЫЛКИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ КАЗАХСКИХ И ТУРЕЦКИХ ПОСЛОВИЦ ПРИ ОРГАНИЗАЦИИ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ СТУДЕНТОВ

Елубай Асем Мамешқызы — докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

E-mail: *iosu8990@mail.ru*. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8746-9623>;

Сарсеке Гүлнар — кандидат филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

E-mail: *sarseke_ga@enu.kz*. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1670-5131>;

Нергиз Бирай — PhD, профессор, Университет, Денизли, Түрция

E-mail: *nergisb@gmail.com*. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4168-220X>.

Аннотация. Язык — средство выражения национальной идентичности, культуры, мировоззрения, религии и религии нации. Язык сохраняет свой национальный код. За каждым словом скрывается секрет. Один из инструментов языка, наполненный загадочным миром, — это пословица. На уроке казахского языка невозможно пройти урок без использования пословицы и поговорки. Использование пословиц и поговорок, относящихся к женскому полу на казахском языке, в сравнении с турецким языком, с целью показать связь и историю одного тюркского языка, является одним из современных приемов. В данной статье мы рассмотрели вопросы о том, каким эффективным способом можно предложить студентам формирование навыков устной речи, правильного употребления пословиц и поговорок с использованием пословиц на уроках казахского языка. Работа по развитию языка на уроках казахского языка будет направлена на развитие общей игры студентов. То есть проблема развития языка учащихся связана с их умением мыслить, а также организуется в единстве процесса мышления и речи. Основной целью организации работы по развитию языка, связанной с преподаванием казахского языка, является

достижение такого уровня, чтобы студенты в определенной степени могли говорить по-казахски и передавать свои мысли кому-то другому, а также понимать чужую речь. Чтобы довести студентов до такого уровня, полезно учить и запоминать пословицы. Это связано с перспективным развитием нашей Родины, вхождением в число передовых стран мира, степенью образованности современного молодого поколения, умением мыслить творчески. В этой связи ускоренными темпами идет работа по применению новых технологий обучения и воспитания в образовательных областях. В содержании современного образования доказана высокая эффективность обучения в сравнении каких-либо явлений языка с другими языками. Наша статья — тоже одна из таких.

Ключевые слова: пословица, казахский язык, турецкий язык, национальный код

Introduction

Each language is a symbol system that preserves the national history, native culture, knowledge and taste, character and sense, craft and custom, tradition and wisdom. In its content structure, it is not just a system of symbols, it is an indicator of culture.

The culture, spiritual wealth and worldview, mentality of our ancestors, which have been developing and forming for centuries, have reached today's generation only through language. On this issue of the power of language, the scientist A. Kaidar expresses his opinion in the following way: the true image and essence of an ethnos is preserved only in its language, through its language it is preserved in the memory of generations. The language of an ethnos reflects not only understanding and assumptions about the ethnos itself, but also about the natural environment that it creates, about its relationships in society, about the inner world, mysteries and secrets, joys and delights, slights and laughter, dreams, about understanding and knowledge, needs, about all the phenomena occurring in it, the language is a reflection of the ethnos, and is a mirror and accurately showed the subtle roots of the connection between ethnicity and language.

Through language, mankind can express its centuries-old experience, or rather, the worldview of the nation at a certain time, the perception of surrounding phenomena, a positive or negative assessment of certain things that happen in a person's life, etc. Such expressions include idioms, aphorisms and proverbs.

“...Facts and data about the language is a full-fledged story. Therefore, first of all, we should look for the history and ethnographic wealth of the ethnos in the language” says the scientist A. Kaidar (Kaidar, 1985).

Materials and main methods

For truly understanding the mystery of the national language, it is not enough to know the laws of the language, its roots are directly related to the centuries-old history, culture and thinking of the ethnos speaking this language. Therefore, the problem of considering the national language in connection with the culture of the people caused the birth of the science of linguoculturology. The basis of this direction

was laid by V. von Humboldt, J. Grimm, F. de Saussure, R. Rask, E. Sepir, B. Whorf, A. Potebnya, G. Steintal. Continuing, Russian scientists V.A. Maslova, V.N. Telia, E. Vereshchagin, V. Kostomarov, V. Vorobyov, A. Arutyunova and others began to introduce this direction as an independent subject.

Proverbs are considered in different directions in linguistics, many local scientists based their research on the topic of proverbs. In particular, B. Adambayev's monograph *Halyq danalyǵy (Folk Wisdom)* (Adambayev, 2019), consisting of two interrelated parts *Maqal-mätelder (Proverbs)* and *Şeşendik sözder (Eloquent words)*, *Qazaq maqal-mätelderiniñ leksika-semantikalıq erekşelikteri (Lexico-semantic features of Kazakh proverbs)* by R. Sarsenbayev (Sarsenbayev, 1961), A. Donbaeva's PhD thesis entitled *Arab jäne qazaq maqal-mätelderiniñ leksika-gramatikalyq erekşelikteri (Lexico-grammatical features of Arabic and Kazakh proverbs)* (Donbaeva, 2003) shows that proverbs are studied from different sides.

There are many discussions concerning proverbs among foreign scholars too. S.G. Katozai states that “proverbs occupy a special place in mentoring human life in every aspect” (Lomotey et al., 2020). M. Tahir and T. Edwards note that “proverbs include a wealth of meanings that, taken together, form a philosophy and way of life” (Tahir et al., 2006). According to E. Arewa and A. Dundes, proverbs are common sayings that paint a picture of society (Arewa et al., 1964). A. Adesida explores how proverbs show power dynamics in society and how they describe societal standards based on gender (Adesida, 2007). A proverb, in W. Mieder's definition, is a brief, widely used traditional sentence that embodies moral principles, knowledge, the truth, and conventional interpretation in a metaphorical, safe, and memorable form that is passed down from one generation to the next (Mieder, 2014). S. Rasul defines proverbs as general truths and accepted adages that are frequently employed as precise statements about society (Rasul, 2015). These sayings are at that point utilized as a device for overseeing exchange of conventional standards and values from one era to the following with a slight or no variety (Glick et al., 2011).

The methodology of teaching the Kazakh language from a theoretical point of view, along with the acquisition of theoretical foundations and rules, definitions and rules of language materials, indicates the need for their practical use.

In the modern education system, the use and observation of various new technologies are being introduced, presenting their rational and optimal results. In particular, Kazakh language teachers enthusiastically support the renovation processes at the school, accepting new developments, testing them in practice, and being very active in their rational use. At the same time, paying attention to the meaning and content of the term pedagogical technology, the following definition is given: “Pedagogical technology” is a meaningful technique for implementing the educational process (Bespalko, 2004) And a specifically organi

zed goal that contributes to the formation of a pedagogical system is considered as interrelated methods and techniques.

Pedagogical technologies are an integral, procedural part of the didactic system (M.V. Choshanov). Pedagogical technologies represent a thoughtful model of

designing, organizing and conducting the educational process (V.M. Monakhov). Such definitions reveal the educational and methodological content of new technologies in the education system. And B.T. Likhachev's interpretation of pedagogical technology as a psychological and pedagogical technique in the form of specially adapted methods, techniques, and teaching tools clarifies the essence and result of learning strategies in the educational process.

Аннотация. Тұрақты даму жағдайында көші-қон үрдісі, тек ұлттық қауіпсіздік деңгейінде ғана емес, жаһандық қауіпсіздік жүйесінің бір бөлігі ретінде түсіндіріледі. Тұрақты дамудың қуатты негізі ретінде бұл үрдіс – мигранттар үшін қазіргі уақытта ғаламдық құбылыстардың біріне айналды. Мигранттар халықтың еңбекке жарамды бөлігі үшін елдердің тартымдылығын сипаттайтын әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің бірі. Миграцияның жағымды жақтары қабылдаушы ел немесе аймақ үшін инвестициялардың өсуі, бәсекеге қабілеттілік, мәдени әртүрлілік мигранттардың өмір сүру деңгейінің жақсаруы, кәсіби дағдыларын арттыру, тағыда басқа мүмкіндіктерге ие. Кері жақтары еңбекке жарамды жастағы халықтың азаюы, қартаюшылықтың басымдығы, ғылым мен білімнің ағыны, көшбасшы, шығармашыл халықтың кетуі, елге әлеуметтік және экономикалық жағымсыз жағдай туғызады. Жамбыл облысындағы көші-қонның теріс сальдосын анықтау үшін регрессиялық талдау жасалды. Регрессиялық талдау тәуелді және тәуелсіз айнымалылар арасындағы себеп-салдарлық байланысты анықтауға мүмкіндік береді. Жамбыл облысының миграция процесін оң шешім табуына мүмкіндік бермейтін бірқатар блокиратор факторлар: жұмыссыздық деңгейі, еңбекке жарамды жастағы халықтың көші-қоны, халықтың жан басына шаққандағы ақшалай табысы, облыстағы кәсіпкерлікпен айналысу мүмкіндігі анықталды. Аталған мәселелерді тиімді шеше білген шет елдер тәжірибесі ұсынылды. Бұл ретте «ақылды қалалармен» қатар «ақылды ауылдарды» дамыту қажеттілігі туындайды. Мақаланы талдау мақсаты екі аспект бойынша қарастырылады: 1) халықтың көші-қонының географиялық заңдылықтарын дұрыс түсіну үшін, оның уақыттық-кеңістіктік динамикасын картографиялық талдау; 2) Жамбыл облысының қазіргі миграция үрдісіне статистикалық талдау жасап, себеп-салдарын анықтау. Мақалада ГАЖ әдістері арқылы картографиялау, SPSS, ANOVA бағдарламасымен статистикалық әдістер, салыстырмалы-географиялық талдау әдістері қолданылды.

Түйін сөздер: экономикалық қауіпсіздік, әлеуметтік тұрақтылық, миграция, депопуляция, эмиграция, «ақылды ауыл»

Мүдделер қақтығысы: авторлар осы мақалада мүдделер қақтығысы жоқ деп мәлімдейді.

© Д.Т. Алиаскаров¹, Р.Т. Искакова^{1*}, К.К. Муздыбаева¹,
И.К. Райымбекова¹, С.Н. Мишук², 2023

¹Казахский Национальный педагогический университет имени Абая,
Казахстан.

²Институт демографических исследований Федерального исследовательского
социологического центра Российской академии наук, Москва, Россия.

E-mail: rtiskak22@gmail.com

ПРОСТРАНСТВЕННЫЙ АНАЛИЗ ПРОБЛЕМ МИГРАЦИИ В УСЛОВИЯХ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ И СОЦИАЛЬНОЙ СТАБИЛЬНОСТИ

Алиаскаров Думан — PhD, старший преподаватель. Казахский Национальный педагогический университет имени Абая. Алматы, Казахстан

E-mail: dumanaliaskarov@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-7628-1246>;

Искакова Райхан — PhD студент. Казахский Национальный педагогический университет имени Абая. Алматы, Казахстан

E-mail: rtiskak22@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-4318-5642>;

Муздыбаева Карлыгаш — кандидат географических наук, старший преподаватель. Казахский Национальный педагогический университет имени Абая. Алматы, Казахстан

E-mail: mkk77@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4258-5636>;

Райымбекова Индира — PhD, старший преподаватель. Казахский Национальный педагогический университет имени Абая. Алматы, Казахстан

E-mail: indira_best@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-6674-0613>;

Мишук Светлана — кандидат экономических наук. Институт демографических исследований Федерального исследовательского социологического центра Российской академии наук, Москва, Россия

E-mail: svetamic79@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-8117-6352>.

Аннотация. В условиях устойчивого развития миграционная тенденция трактуется не только на уровне национальной безопасности, но и как часть глобальной системы безопасности. В качестве мощной основы устойчивого развития эта тенденция стала одним из глобальных явлений для мигрантов в настоящее время. Мигранты являются одним из показателей социально-экономического развития, характеризующих привлекательность стран для трудоспособной части населения. Положительные стороны миграции для принимающей страны или региона включают рост инвестиций, конкурентоспособность, культурное разнообразие, улучшение уровня жизни мигрантов, повышение профессиональных навыков и многое другое. Отрицательные стороны — сокращение населения трудоспособного возраста, преобладание старения, ослабление науки и образования, лидера, сокращение творческого населения, создание напряженной социально-экономической ситуации в стране. Проведен регрессионный анализ для определения отрицательного сальдо миграции в Жамбылской области. Регрессионный анализ позволяет выявить причинно-следственную связь между зависимыми и независимыми переменными. Выявлен ряд блокираторных факторов, не позволяющих

найти положительное решение в процессе миграции Жамбылской области: уровень безработицы, миграция населения трудоспособного возраста, низкие среднедушевые денежные доходы населения, возможность заниматься предпринимательством в области. Представлен опыт зарубежных стран, сумевших эффективно решать данные вопросы. При этом наряду с «умными городами «возникает необходимость развития» умных деревень». Цель анализа статьи рассматривается в двух аспектах: 1) картографический анализ временной и пространственной динамики миграции населения для правильного понимания его географических закономерностей; 2) статистический анализ современного миграционного процесса Жамбылской области и выявление причинно-следственных связей. В статье использованы методы картографирования с помощью ГИС, статистические методы с программой SPSS, ANOVA, методы сравнительно-географического анализа.

Ключевые слова: экономическая безопасность, социальная стабильность, миграция, депопуляция, эмиграция, «умная деревня»

Конфликт интересов: авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Кіріспе

Әлемдік экономиканың жаһандану жағдайында халықтың көші-қон үрдістерінің қарқындылығы елдердің экономикалық құрылымына, адами капиталдың сандық және сапалық сипаттамаларына, экономикалық ресурстарды пайдалану тиімділігі әсер етеді.

Қазақстанның ішкі көші-қоны 2022 жылдың қаңтар-қарашасында келгендер саны 90646 адам, соның ішінде қала 61009 адам, ауылға келгендер 29637 адамға жетіп, айырмасы – 308-ді құраған (ҚР Ұлттық статистика бюросы, 2022). Еуропалық экономикалық одақ (ЕЭО) елдерімен салыстырғанда 2022 жылдың қаңтар-қыркүйектегі статистикалық мәліметтеріне қарасақ, Қазақстан сыртқы миграцияның теріс мәні бойыншы 1-ші орында тұр (-9346 адам) (Статистика Евразийского экономического союза, 2022).

Халықтың табысының төмендігі, жұмыссыздықтың, кедейліктің өсуі, еңбек әлеуеті, халықтың өмір сүру сапасының нашарлауы, қоршаған ортаның сапасы - халықтың көші-қон ағынының өсуінің негізгі факторларына айналуы мүмкін. Бұл өз кезегінде елдің немесе аймақтың экономикалық тұрақты дамуына кері салдарын тигізеді.

Халықтың ауылдық жерлерден жаппай кетуі, халықтың кеңістіктік динамикалық тепе-теңдігіне әсер етіп қана қоймай, әлеуметтік-экономикалық жағдайына ықпалын тигізеді. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, қоныс аударатын халықтың кеңістіктік бөлінуі айтарлықтай урбанистік бағытпен сипатталады. Сондай-ақ халықтың көші-қоны әлеуметтік және экономикалық процесс ретінде ғана емес, сонымен қатар адамдардың тұрғылықты жерінің өзгеруімен сипатталатын географиялық процесс ретінде анықталады. Халықтың көші-қонының географиялық заңдылықтарын дұрыс түсіну үшін

оның кеңістіктік және уақыттық динамикасын талдау қажет. Қазақстанда шағын және моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуын ынталандыруға, ауылда шағын және орта кәсіпкерліктің құрылуын қолдауға елеулі күш салынып жатқанымен, Жамбыл облысынан кетушілер саны әлі күнге дейін тоқтамай тұр. Осыған байланысты, көші-қон көрсеткіштерінің теріс мәніне әсер етуші факторларды анықтауда бірқатар зерттеулерді жүргізу *өзектілігі* туындайды.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Дамушы елдердегі XX ғасырдың аяғынан бастап, урбанизация үрдісінің артуына байланысты теориялық зерттеулерден эмпирикалық сандық талдауларға және көп өлшемді перспективаларға көбірек назар аударыла бастады. Мысалы, О. Старк (Stark and Levkhar, 1982) мигранттардың әлеуметтік ерекшеліктерін анықтап, ауыл халқының көші-қонын экономикалық жағдайымен байланыстыратын «салыстырмалы айыру» теориясын ұсынды. Майкл П. Тодаро (Todaro, 1969.) ауылдық жұмыссыздардың жұмысқа орналасу ықтималдылығы мен нақты табыс арасындағы сәйкессіздікке байланысты халықтың ауылды жерлерден көшетінін дәлелдеп, «Тодаро көші-қон моделі» теориясын негіздеді. Ол өз зерттеулерінде миграциялық ағын – ауылдық және қалалық жұмысшылардың арасындағы табыс көзінің айырмашылығына байланысты деген болжамдар жасады. Германия, Ұлыбритания, Испания сияқты бірқатар еуропалық елдерде аймақаралық ішкі көші-қон көрсеткіштері әлі де болса төмендеген жоқ.

Ауылды жерден үдере көшу КСРО-ның құлдырауынан Қазақстанның тәуелсіздік алған жылдардағы туындаған әлеуметтік-экономикалық, саяси өзгерістер еліміздің барлық аумағына тән құбылыс болды, соның бірі Жамбыл облысында да көрініс тапты. Облыстағы ірі өнеркәсіптік орталықтары шоғырланған Қаратау, Жаңатас қалаларындағы жағдай тіпті шиеленісе түсіп, көптеген дағдарыстық құбылыстар пайда бола бастады. Әлеуметтік мәселелер, халықтың жаппай көші-қоны, (соның ішінде еңбекке жарамды жастағы халықтың), жұмыссыздықтың артуы, білім беру мекемелерінің жабылуы, кедейліктің, қылмыс деңгейінің өсуі, өлім-жітімнің артуы, туудың төмендеуі, экономикалық дағдарыс, өнеркәсіптік өндірістердің тоқтауы, тозған инфрақұрылым ауыл халқының ірі қалаларға көшуіне өз ықпалын тигізді. Облыста 1991 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін көші-қон сальдосы оң мән көрсеткен жоқ, облыс халқының Қазақстанның басқа өңірлеріне, Алматы (7633 адам), Астана (4987 адам), Шымкент (886 адам) сияқты ірі қалаларға тұрақты кетуі байқалады.

Зерттеу барысында облыс аудандарының көші-қон сальдосына әсер ететін факторлар анықталды. Зерттеудің ақпараттық базасында ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалау агенттігі Ұлттық статистика бюросының статистикалық мәліметтері, Жамбыл облысының статистикалық мәліметтері пайдаланылды. Зерттеу процесінің кезеңдері мен әдістері 1-ші суретте көрсетілген.




Сур. 1. Зерттеудің кезеңдері мен әдістері
(Fig. 1. Stages and methods of research)

Нәтижелер мен талқылаулар

Біржақты депопуляцияның болуы, қала халқын ауыл халқымен салыстырғанда мемлекеттік ресурстарды бөлуде бірқатар артықшылыққа ие (Hongsheng et al., 2011). Қала мен ауылдың функционалдық байланыстары әр түрлі (Yifan, 2020). Ауыл халқының өмір сүру сапасы, халықтың табыс деңгейі, өмір сүру ұзақтығы мен денсаулық жағдайы, халықтың әлеуметтік қамсыздану деңгейі, билікке деген сенім, оның халықтың еңбек және тұрмыстық мәселелерді шешуге қатысуы сияқты кемшіліктер бар. Халықтың кеңістікті алмасуы физикалық және әлеуметтік-экономикалық жағдайдағы қала мен ауыл арасындағы айырмашылықтарды күшейтеді (Hualou Long et al., 2010; Alvarez et al., 2021). Қала және ауылдағы табыс мүмкіндіктерінің әртүрлілігі еліміздің барлық аймақтарына тән. Бұл көрсетілген бірқатар мәселелер ішкі көші-қонның негізгі қозғаушы факторы, ал халықтың ірі қалаларға ағылуы мигранттар үшін ең тартымды орта болып табылады. Ірі қалаларда ішкі және шетелдік инвестициялардың және экономикалық мүмкіндіктердің үлкен көлемі, жұмыс орындарының көптігі мигранттардың көбірек шоғырлануына әкеледі. Еліміздің жекелеген аймақтары бойынша көші-қон үрдісі әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері мен ондағы халықтың жеке сипаттамаларына байланысты әркелкі. Өңірлердің экономикалық дамуында айырмашылықтардың болуы ішкі көші-қонның өсуіне ықпал етеді. Облыстың аудандар бойынша көші-қон ағынының кеңістіктік таралуы әркелкі (сурет 2), әсіресе ең көп мигранттардың кетуі Тараз қаласында (13044 адам), облыстың оңтүстік, оңтүстік-шығыс бөлігіндегі аудандарда: Байзақ ауданы (4132 адам), Жамбыл ауданы (3618), Қордай ауданы (4927 адам), Меркі (3574 адам) және Шу (3693 адам) аудандарында, ал ең төменгі Талас ауданы (2100 адам), Қаратау қаласы (1215 адам), Мойынқұм ауданы (1135 адам), Сарысу ауданы (1969 адам), Жаңатас қаласында тіркелген (1120 адам) (Ұлттық статистика бюросының Жамбыл облысы бойынша департаменті, 2022).

Облыста қайта құру мен нарықтық реформалау жылдары көптеген қала түзуші кәсіпорындар бәсекелестікке төтеп бере алмай, өздерінің мәнін жоғалта бастады, нәтижесінде аудандардағы әсіресе, шағын қалалардағы халқы күрт азайып кетті.



Сур. 2. Жамбыл облысының көші-қон ағыны картасы (2022 ж.)
(Fig. 2. Map of migration flows of Zhambyl region (authors who created the map))

Жамбыл облысындағы көші-қонның теріс сальдосын анықтау үшін регрессиялық талдау жасалды. Регрессиялық талдау әдісі тәуелді және тәуелсіз айнымалылар арасындағы себеп-салдарлық байланысты анықтауға мүмкіндік береді. Регрессиялық модельдерді бағалаудың ең кең тараған әдісі – ең кіші квадраттар әдісі. Ол мына формула бойынша анықталады:

$$Y_i = \beta_0 + \beta_1 X_1 + \dots + \beta_n X_n + \varepsilon_i$$


Мұнда:

$i = 1, 2, 3 \dots n$ – уақыт

X_1 – тәуелсіз айнымалы;

β_1 – айнымалыдағы регрессия коэффициенті

Деректерді талдау және өңдеу IBM SPSS Statistics бағдарламасының көмегімен жүзеге асырылды. Жамбыл облысының көші-қон сальдосының графигінде 1994 жылы көші-қон сальдосы –26,3 мың адамға, яғни теріс мәнге жетті. 1995 жылдан бастап көші-қон сальдосы жыл сайын бір қалыпты төмендей бастады, 2003–2005 жылдары оның ең төменгі мәні 4 мыңға, 2017 жылы екінші циклдың төменгі шегіне жетті (сурет 3). Дегенмен барлық қарастырылып отырған кезеңде көші-қон сальдосы теріс болып қалуда.



Сур. 3. Жамбыл облысының миграция сальдосы, мың адам
(Fig. 3. migration balance of Zhambyl region, thousand people)

Статистикалық мәліметтер абсолютті және салыстырмалы шамада өлшенген бірнеше көрсеткіштер ұсынылған. Абсолютті шамалар көп жағдайда трендке ие, бұл олардың болжау қабілетіне нашар әсер етеді, олардың болжау қабілетін жақсарту үшін талдауға жылдық өсім түрінде енгізілді. Салыстырмалы көрсеткіштер талдауға бастапқы мәлімет түрінде енгізілді, себебі оларда тренд аз. Көрсеткіштердің бір бөлігін көші-қон динамикасының салдары ретінде, ал бір бөлігін көші-қон сальдосына әсер етуі ықтимал факторлар: табиғи өсім, жұмыссыздық, орташа айлық т.б. ретінде қарастырылды.

Әртүрлі факторларды қосу және алып тастау нәтижесінде модельге тек екі айнымалы дәйекті мәндерді қабылдайтын сызықтық тренд және жұмыссыздық деңгейі (%) кірді. Нәтижеге жету үшін екі қадаммен анықталды, модельге бірінші қадамда сызықтық тренд, ал екінші қадамда жұмыссыздық деңгейі қосылды. Модельдің жалпы нәтижесі 8,138-ге тең және статистикалық маңызды болып табылатын F-статистикасының мәнімен көрсетіледі (кесте 1).

Кесте 1. ANOVA бойынша дисперсиялық талдау нәтижелері

Модель	Квадраттардың қосындысы	Еркіндік дәрежелері	Орташа квадрат	F	Нәтиже	
1	Регрессия	75,502	1	75,502	7,596	,012 ^b
	Қалдық	208,728	21	9,939		
	Барлығы	284,230	22			
2	Регрессия	127,527	2	63,764	8,138	,003 ^c
	Қалдық	156,703	20	7,835		
	Барлығы	284,230	22			

Бұл жағдайда R-квадраттың мәні 0,449 болды, бұл модель тәуелді айнымалының 44,9% өзгеруін түсіндіре алатындығын көрсетеді (кесте 2).

Кесте 2. Модель жиынтығы

Модель	R	R-квадрат	Түзетілген R-квадрат	Стандартты бағалау қатесі
1	,515 ^a	,266	,231	3,1527
2	,670 ^b	,449	,394	2,7991

Регрессиялық талдаудың негізгі нәтижесі бағдарламамен есептелген регрессия коэффициенттері бар кесте құрастырылады. Маңызды айнымалыларды таңдау үшін ауыспалы таңдаудың тура, шартты әдісі қолданылды.

Кесте 3. Регрессиялық модель коэффициенттері

Модель		Стандартталмаған коэффициенттер		Стандартталған коэффициенттер	Т	Нәтиже
		В	Стандарт қатесі	Бета		
1	(Константа)	-4,027	1,901		-2,118	,046
	t	-,273	,099	-,515	-2,756	,012
2	(Константа)	16,506	8,145		2,026	,056
	t	-,871	,248	-1,644	-3,510	,002
	X 43 жұмыссыздар деңгейі, %	-1,213	,471	-1,207	-2,577	,018

*a Тәуелді айнымалы: x9 миграция сальдосы, мың адам
 *b Болжаушы көрсеткіш (Константа), t
 *c Болжаушы көрсеткіш (Константа), t, X 43 жұмыссыздық деңгейі, %
 *Константа – тұрақты тәуелсіз айнымалылардың мәндері 0-тең болғанда тренд сызығы мен ордината осінің қиылысу нүктесі.

Жамбыл облысы үшін екі факторлы регрессия моделі келесідей: $Y = 16,506 - 0,871 \cdot t - 1,213 \cdot X$ жұмыссыздық деңгейі, %. Т-сызықтық трендтегі регрессия коэффициенті теріс мәнге ие, яғни жыл сайын 0,871 мың адамға теріс көші-қон сальдосы артады. Жұмыссыздық деңгейінің айнымалысы үшін регрессия коэффициенті де теріс белгіге ие, яғни жұмыссыздық деңгейі неғұрлым жоғары болса, көші-қон сальдосы соғұрлым теріс болады. Демек, жұмыссыздықтың 1 %-ға артуы көші-қон сальдосының теріс мәнін 1213 адамға арттырады (кесте 3).

Жалпы облыстан қандай кадрлар кетіп жатыр, мигранттардың жас ерекшелігі, білім деңгейі қандай және ол осы аймақтың экономикалық әлеуетіне қалай әсер етеді? 2022 жылдың қаңтар-желтоқсанына ең көп кетушілер еңбекке жарамды жастағы халық (16–62 жас) 38 928 адамды құрап (28559 келгендер), көші-қон сальдосы -9369 адамға жеткен. Білім алуға ұмтылған ауыл жастары қалалық жерлерде қалуға бейім, 7–17 жастағы жастардың кетуі 3167 адам (-1348 сальдосы) тіркелген, басым көпшілігі өңіраралық көші-қон, айырмасы – 10 320, сыртқы көші-қон айырмасы -705 адамды құрады (кесте 4). Экономиканың заманауи инновациялық дамуының іргетасы ғылым мен ғылыми зерттеулердің нәтижелері, оны өндіріске енгізуде табысты тәжірибелер екені анық. Бұл ретте аумақтық экономика үшін білім берудің тиісті деңгейі,

білікті кадрлардың болуы, адами капитал ерекше ролге ие. Облыстағы осындай еңбекке жарамды жастағы халықтың көші-қоны мен интеллектуалдық ағыны, ғылыми, инновациялық, шығармашылық жасаушы жастағылардың кетуі аймақтың экономикалық қауіпсіздігіне кері салдарын тигізеді. Бұл аймақтың ғана емес, елдің экономикалық қауіп-қатерлердің ішінде инновациялық және өнертапқыштық белсенділіктің төмендеуіне алып келетін қауіп екенін атап өткен жөн.

Кесте 4. Жамбыл облысының жас құрамдары бойынша халықтың көші-қоны, 2022 ж.

	Көші-қон айырмасы, адам	Келгендер, адам	Кеткендер, адам
Барлығы	-11 025	32 522	43 547
0	1	2	1
3 – 5	-51	6	57
0 – 6	-93	11	104
7 - 17	-1 348	1 819	3 167
0 - 13	-268	19	287
0 - 15	-845	812	1 657
16 - 62	-9 369	29 559	38 928
63 және одан жоғары	-811	2 151	2 962

Сонымен қатар Дүниежүзілік Банктің «Қазақстандағы бизнесті жүргізу 2019» есебінде, Жамбыл облысы кәсіпкерлікті жүргізуге қолайлылығы бойынша соңғы орын деп тапты. Бұл зерттеулер елдегі орта және шағын кәсіпкерлік және экономикалық белсенділіктің өсуіне пайдалы әсері бар ережелер мен процестердің болуын өлшейді. Рейтингі анықтауда қарастыратын негізгі индикаторлар: электр желілеріне қосылу, құрылыс жүргізуге рұқсат алу, кәсіпорындарды тіркеу, мүлікті тіркеу бойынша жүргізіледі (Всемирный Банк, 2019). Облыстағы шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуда инновациялық идеялары бар кәсіпкерлер үшін өз кәсібін ашу және дамыту, жаңа жұмыс орындарын құру, жұмыссыз халықтың облыстан кетуіне бірден бір тосқауыл болушы еді. Бұл әсіресе, өндіруші салаларға қаты тәуелді, өңдеуші және қызмет көрсету саласы мемлекеттік кәсіпорындардың көлеңкесінде қалып жатқан Жаңатас, Қаратау моноқалаларына қатысты.

Халықтың көшуіне әсер ететін келесі фактор – халықтың ақшалай табысы. 2022 жылдың III тоқсанында халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстары бойынша 97098 теңгені құрап, облыс аутсайдерлердің үштігіне кірді (Жетісу облысы – 95661 теңге, Түркістан облысы – 75 867 теңге) (Ұлттық статистика бюросы, 2022).

Адамдардың жақсы өмір сүруінің, әлеуметтік қажеттіліктерге қол жеткізудің, жоғары табыс табудың және басқа да мәселелерді шешудің жалғыз жолы тек ауылдан қалаға қоныс аудару ма? Урбанизация жүріп жатыр және бола береді, дегенмен қалада халықтың жоғары тығыздығы, қоршаған ортаның ластануы, көлік кептелісі, қылмыс деңгейінің жоғарлауы, қолжетімді баспананың

жетіспеуі, жалған урбанизацияның өсуі барлық ауыл халқын орналастыруға жеткілікті ма? Мұндай депопуляция мәселесін шешуде, ауыл мен қаланың тұрақты дамуына қол жеткізу үшін шетел тәжірибесін тартымды үлгі ретінде қарастыруға болады.

Ауылды елді мекендерден ірі қалаларға көшу мәселесі тек қана Қазақстанның ғана емес, әлем елдерінің басым көпшілігінде күн тәртібіндегі өзекті мәселелер қатарында. Себебі, ауыл — қоғамның тірегі, экономикалық әлеуеттің негізгі бөлігі болып табылады. Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық өсу контекстінде ауылдық жерлердің әлеуетін көтеру саласында жұмыстар жасалып жатқанымен, ауыл және қала арасындағы теңсіздік байқалады.

Жоғарыда Жамбыл облысының миграция процесін оң шешім табуына мүмкіндік бермейтін бірқатар блокиратор факторларды талдай отырып, аталған мәселелерді тиімді шеше білген шет елдер тәжірибесін зерделеудің маңызы зор. Бұл ретте «ақылды қалалармен» қатар «ақылды ауылдарды» дамыту қажеттілігі туындайды. Халықты жұмыспен қамту, миграция, инфрақұрылымды жақсарту және т.б. мәселелерді тиімді шешуде «Ақылды ауылдар» (Smart Villages) моделін пайдалануда дамыған мемлекеттердің тәжірибесі табысты жұмыс жасауда. 2017 жылы Еуропалық комиссия «Ақылды ауылдарға» арналған жоба ұсынды, негізгі идея — ақылды әдісті тек қала деңгейінде шектемей, әр түрлі масштабта, аймақтардан мегаполистерге, қалалардан ауылдарға, барлық өлшемдегі елді мекендерге, тіпті жеке тұлғаларға дейін мәселелерді шешуде «ақылды әдісті» қолдану (European Network for Rural Development, 2018). Ақылды ауылдар тұрақтылықты, өмір сүру сапасын және экономика, әлеуметтік даму, денсаулық және коммуникация саласындағы даму мүмкіндіктерін арттыру үшін инновациялық әдіс пен технологияны қолданатын ауылдық қауымдастықтар ретінде анықталады (Kalinovsky et al., 2021; Ilie et al., 2022; Komorowski et al., 2020). Ауылдық аймақтарды дамыту жөніндегі еңбектерді және келтірілген анықтамаларды талдау негізінде «Ақылды ауылдар» тұжырымдамасы бес негізгі категорияға: тұрақтылыққа, ұтқырлыққа, қоғамдастыққа, болашаққа және цифрландыруға негізделген даму модельі.

Қытайдағы электронды коммерция соңғы жылдары бірнеше әлемдік маңызы бар электрондық коммерция алаптарының пайда болуымен өте тез дамыды. Осының нәтижесінде электрондық коммерция кластерлері Қытайдың ауылдық жерлерінде Alibaba-ға тиесілі Таобао электронды платформасының құрметіне «Таобао ауылдары (Taobao)» деп аталды. Электронды коммерция Қытайдың ауылдық жерлерінде және одан тыс жерлерде кедейлік, жұмыссыздық деңгейін төмендетуге, тоқырау ауыл экономикасын ынталандыруға көмектесті. Электрондық коммерция қызметтерінің және басқа факторлардың біртіндеп өсуін ескере отырып, Таобао ауылдары бизнесті бастау үшін «ыстық нүктелерге» айналды. Мобильді құрылғылардың көмегімен, интернетке қол жетімділіктің кеңеюімен бизнестің жаңа нормаларын құрып, елдің экономикалық ландшафттысын өзгертті, осылайша Қытай әлемдегі ең ірі электрондық коммерция нарығына айналды. 2016 жылы бұл ауылда 300000-

нан астам белсенді интернет-дүкендер ашылып, электронды коммерциямен айналысатын кәсіпкерлер көбейді, жаңа жұмыс мүмкіндіктері пайда болды. Бұл өз кезегінде мигрант жұмысшыларды, жоғары курс студенттерін, ардагерлерді басқа да топтарды кәсіпті бастау үшін өз ауылдарына қайтуға шақыратын тиімді кәсіпкер климатын құрды. Нәтижесінде 4700-ден астам адам кәсіпті бастау үшін үйлеріне оралып, электронды платформалар арқылы жергілікті негізгі салаларға тәуелді гүлдер мен ағаштар, көшеттер және т.б. сатуға назар аударды. Жұмыс орындарында қызмет көрсету персоналы, маркетинг, промоутерлер, тігін өнеркәсібіндегі тігіншілер, ағаш ұсталары, курьерлер, фотографтар және соңғы жылдары заңгерлер, бухгалтерлер, патенттік адвокаттар, электрондық коммерцияға қызмет көрсететін басқа да мамандар сұранысқа ие болды. Ақпараттық технологиялардың жаһандық дамуымен құрылған мүмкіндіктерді пайдалана отырып, ауылдық жерлердегі адамның өмір сүру сапасын едәуір жақсартты, ауылдық және қалалық нарықтар арасындағы байланысты жеңілдетіп, ауылшаруашылық емес экономикалық қызметті алға тартты (An Introduction to Taobao Villages, 2016).

Бүгінгі ауылды қалалардан кем емес даму стратегиялары қажет. Бұл жағдайда Польшаның Томаши ауылының ауылшаруашылығы қоршаған ортаға аз әсер ете отырып, экономикалық тиімділікті қамтамасыз етуге арналған экожүйені құруды көздеген. Әлемдегі экологиялық проблемалар шиеленіскен сайын тұтынушылар денсаулықты жақсартатын органикалық өнімдерге көбірек көңіл бөле бастады. Польшаның ақылды ауылдар модельі бес санатты анықтайды: тұрақтылық, ұтқырлық, қауымдастық, цифрландыру және даму модельі. Қазіргі уақытта даму мәселелеріне инновациялық-экологиялық көзқарасқа қызығушылық артып келеді. 2019 жылы құрылған Вармин-Мазур және басқа да елдердің жетекші экологиялық және дәстүрлі өндірушілерімен ынтымақтастық орнатып BioHub құрылды. BioHub – бұл экожүйе, ауылшаруашылық өнімдерін өндіруге және жоғары, сапалы өнімдерді алуға мүмкіндік беретін интеграцияланған логистика және дистрибуция жүйесі. Осы өнімдерді «BioHubBazar» сату платформасы автоматтандырылған алыпсатарларсыз онлайн-сату жүйесіне негізделген (Smart village strategy of Tomaszyn (Poland), 2020).

Чехияда, «смарт ауылдарды» жүзеге асыру үш тақырыптық саланы – қоршаған орта мен энергетика, ауыл шаруашылығы және білім берудің ынтымақтастығына негізделген. Бұл идеяның негізгі мақсаты ғимараттарда энергияны тиімді пайдалануды қамтамасыз ету, энергетикалық және көлік инфрақұрылымын жақсарту, энергетика туралы білім беру және баламалы энергияны дамыту.

Дамыған еуропа мемлекеттерінің Финляндияның солтүстігі, Швеция және Шотландия, Италия, Испания, Португалия, Греция, Франциядағы ауылдық жерлерде жастардың тұрақты депопуляциясы байқалады. Бұл мәселелерді шешуде көптеген стратегиялар экономикалық дамуға ықпал ету және жұмыс орындарын құру, білім беру, ұтқырлық, жұмыспен қамту, денсаулық сақтау,

энергетика салаларын жақсартуды, қызмет көрсетудегі инновациялық қолдау әрекеттерін біріктіреді. Мысалы, Италияда 2014–2020 жылдарға арналған бағдарлама Италия ұлттық ішкі стратегиясы (NISA) жаңа кешенді саясат енгізді. Бұл саясат халықтың демографиялық құлдырауы мен қартаюы ең көп шеткі және ультраперифериялық аудандарға назар аударды. Осы арқылы жаңа жұмыс орындарын құруға, әлеуметтік интеграцияға ықпал ету және демографиялық, миграциялық құлдырауды жоюға негізделген.

Франция бұл проблемаларды шешуде 2015 жылы «қала мен ауыл арасындағы өзара келісімшарттар» (inter-municipal cooperation) эксперименттік жобасын іске қосты, мұндағы басты мақсат — серіктестікті іргерілету арқылы қала мен ауыл арасындағы алшақтықты жою. Жобаның бірінші кезеңінде Брест мегаполисі мен Батыс Бретань қаласырты аудан орталығымен келісімшартқа отырды (Sandra Żukowska et al., 2023). Орта және ұзақ мерзімді бәсекеге қабілетті дамуда ауыл тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық дамуы, денсаулық сақтау, мәдениет және қызмет көрсету, қоршаған орта және энергетика салаларына бағыттап, демографиялық мәселелерді шешу.

Қорытынды

Жоғарыда Жамбыл облысының миграция процесінің оң шешім табуына бірқатар блокираторларды талдай отырып, облыстағы көші-қон ағынының кеңістіктік таралуына ГАЗ әдістері арқылы талдау жасалды. Жамбыл облысының әлеуметтік-экономикалық дамуын тежейтін және өңірлердің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге әсер етуі мүмкін бірқатар проблемалардың бар екені анықталды. Талдау нәтижесінде мигранттардың облысқа іргелес жатқан, яғни Алматы қаласына тұрақты кетуі байқалады, бұл ретте Алматы қаласы мигранттардың әлеуметтік қажеттіліктерін шешуде тартылыс ядросы екенін көруге болады. SPSS, ANOVA бағдарламасымен регрессиялық талдауда жұмыссыздық деңгейінің миграция ағынына байланысы анықталды. Факторлардың әртүрлі вариацияларын модельдеу әлеуметтік-экономикалық салалардағы тұрақты немесе тұрақсыздық деңгейін болжауға мүмкіндік береді.

Алынған нәтижелер мен жүргізілген талдаулар экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында облыс экономикасын әртараптандыру, облыста кәсіпорындар санын, шағын және орта кәсіпкерліктер санын ұлғайту, технологиялық инновацияларды жүзеге асыратын ұйымдар санын кеңейту, жаңа жұмыс орындарын құру, жастарды тартудың тиімді қолдау жүйесі мен өсу нүктелерін құру, өңірдің кадрлық әлеуетін дамыту, дамудың «Ақылды ауылдарға» тән үлгісін енгізу, өндірістің жаңашылдығын ынталандыру қажет деп есептейміз.

Облыстағы Жаңатас, Қаратау, Шу шағын және моноқалалары дәстүрлі салаларға негізделген өндірістік құрылымға ие, халықтың басым көпшілігі мемлекеттік салаларда жұмыс істеуге тәуелді. Сондықтан моно және шағын қала аумағына жақын ауылдық елді мекендерде орта және шағын кәсіпкерлікті дамытып, қызмет көрсету, туризм салаларына басымдық беру қажет.

Ішкі еңбек нарығындағы кейбір кедергілерді, әлемдік урбанизация және көші-қон трендтерін ескерер болсақ, жалпы миграция процесін тоқтату мүмкін емес. Егер осы тенденциялар уақыт өте келе тұрақты бола берсе, ауылдық және қалалық теңгерімсіздіктер күшейіп, ірі қалаларда жалған урбанизация сценарийіне әкеледі. Қазіргі уақытта Қазақстан дамушы ел ретінде дамыған мемлекеттердің еңбек ресурстарының донорына айналып отыр. Бірақ бұл үрдісті әлеуметтік-экономикалық саясатты дұрыс жүргізу арқылы эмиграциялық тәуекелдерді төмендетуге, дамушы елдерден келетін біліктілігі төмен еңбек мигранттары үшін тартылымдылығын азайтуға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

Alvarez M., Bernard A., Lieske S.N., 2021 — *Alvarez M., Bernard A., Lieske S.N.* Understanding internal migration trends in OECD countries. Population space and place. – Wiley. 2021 DOI10.1002. Pp.24–51.

Ведение бизнеса в Казахстане 2019. Международный Банк Реконструкции и Развития / Всемирный Банк. Обзор Доклад «Ведение бизнеса в Казахстане 2019» <http://www.doingbusiness.org/kazakhstan>.

European Network for Rural Development. Smart villages Revitalising rural services. EU RURAL review Luxembourg: Publications Office of the European Union, 2018. ISSN 1831–5321. № 26.

Zukowska S., Chmiel B., Połom M.. 2023 — *Żukowska S., Chmiel B., Połom M.* // The Smart Village Concept and Transport Exclusion of Rural Areas – A Case Study of a Village in Northern Poland. – Land 2023, 12(1), 260 с. <https://doi.org/10.3390/land12101260> <https://www.mdpi.com/about/journals>.

Ilie N.M., Oprya I.A., Turcha V.K., Pernush A.R., 2022 — *Ilie N.M., Oprya I.A., Turcha V.K., Pernush A.R.* New dimensions of the development of rural communities in Romania - the concept of "Smart village". // Scientific Dad. Economy Management English Agr. Rural Dev. 2022, 22, С. 425–435.

Kalinovsky S., Komarovsky L., Roza A., 2021 — *Komorowski L., Stanny M. Kalinovsky S., Komarovsky L., Roza A.* Concept of Smart Villages; Przykłady from Poland. – Instytut Rozwoju Wsi I Rolnictwa Polskiej Akademii Nauk: Warszawa, Poland, 2021.

Komorowski L., Stanny M., 2020 — *Komorowski L., Stanny M.* Smart Villages: Where Can They Happen? // Land 2020, 9(5), 151; <https://doi.org/10.3390/land9050151>

ҚР стратегиялық жоспарлау және реформалау агенттігі Ұлттық статистика бюросы. Қазақстан Республикасындағы ішкі көші-қонның айырымы. <https://www.stat.gov.kz/official/industry>.

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі, Ұлттық статистика бюросының Жамбыл облысы бойынша департаменті. Жамбыл облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы / Ақпаратты-талдамалық журнал. Тараз 2022.

ҚР стратегиялық жоспарлау және реформалау агенттігі Ұлттық статистика бюросы. Жедел ақпарат, 2022 жылғы 3 тоқсанындағы өңірлер бойынша халықтың атаулы ақшалай табыстарын бағалау. № 5-7/8473-і 27 желтоқсан, 2022 жыл.

Prepared in the framework of the ‘Preparatory Action on Smart Rural Areas in the 21st Century’ project funded by the: Smart village strategy of Tomaszyn (Poland). December 2020.

Статистика Евразийского экономического союза. Социально-демографические индикаторы. Январь – сентябрь 2022 года: Статистический бюллетень / Евразийская экономическая комиссия. – Москва, 2022. – 62 с.

Stark O., Levkhari D., 1982. — *Stark O., Levkhari D.* On migration and risks in LDCs. – Economic Development and Cultural Change. 1982. 31 (1): 191–196 с.

Todaro M.P., 1969. — *Todaro M. P.* The model of labor migration and urban unemployment in less developed countries. American Economic Review 59: 138–148 с.

Yifan W., Yang Zh., Yansui L., 2020 — *Yifan W., Yang Zh., Yansui L.*, Exploring the outflow

of population from poor areas and its main influencing factors.// Published by Elsevier. Habitat International. May 2020. <https://doi.org/10.1016/j.habitatint.2020.102161>

Jiaqi Qi., Xiaoyong Zh., Hongdong Guo., 2018 — *Jiaqi Qi., Xiaoyong Zh., Hongdong Guo.*, The formation of Taobao villages in China. 2018. – China Economic Review, 2018. – 130 c.[http:// https://www.researchgate.net/publication/327195104](http://https://www.researchgate.net/publication/327195104)

Hongsheng Li, Yingjie Wang, Jiafu Han, Zhuoyuan Yu., 2011 — *Hongsheng Li, Yingjie Wang, Jiafu Han, Zhuoyuan Yu.* Origin Distribution Visualization of Floating Population and Determinants Analysis: A Case study of Yiwu City. // - Procedia Environmental Sciences Volume 7, 2011. Pp. 116–121, <https://doi.org/10.1016/j.proenv.2011.07.021>.

Hualou Long, Yansui Liu, Xiubin Li, Yufu Chen, 2010 — *Hualou Long, Yansui Liu, Xiubin Li, Yufu Chen.* Building new countryside in China: A geographical perspective. – Land Use Policy Volume 27, Issue 2, April 2010, Pages 457-470. <https://doi.org/10.1016/j.landusepol.2009.06.006>.

REFERENCES

Alvarez M., Bernard A., Lieske S.N., 2021 — *Alvarez M., Bernard A., Lieske S.N.* Understanding internal migration trends in OECD countries. Population space and place. – Wiley. 2021 DOI10.1002/psp.24-51.

Doing business in Kazakhstan 2019. International Bank Reconstruction and Development / World Bank. Report "Doing business in Kazakhstan 2019" <http://www.doingbusiness.org/kazakhstan>.

European Network for Rural Development. Smart villages Revitalising rural services. EU RURAL review Luxembourg: Publications Office of the European Union, 2018, ISSN 1831–5321. No 26.

Zukowska S., Chmiel B., Połom M., 2023 — *Zukowska S., Chmiel B., Połom M.* // The Smart Village Concept and Transport Exclusion of Rural Areas – A Case Study of a Village in Northern Poland. – Land 2023, 12(1), 260 c. <https://doi.org/10.3390/land12010260> <https://www.mdpi.com/about/journals>.

Ilie N.M., Oprya I.A., Turcha V.K., Pernush A.R., 2022 — *Ilie N.M., Oprya I.A., Turcha V.K., Pernush A.R.* New dimensions of the development of rural communities in Romania - the concept of "Smart village". // Scientific Dad. Economy Management English Agr. Rural Dev. 2022, 22. Pp. 425–435.

Kalinovsky S., Komarovskiy L., Roza A., 2021 — *Komorowski L., Stanny M. Kalinovsky S., Komarovskiy L., Roza A.* Concept of Smart Villages; Przykłady from Poland. – Instytut Rozwoju Wsi I Rolnictwa Polskiej Akademii Nauk: Warszawa, Poland, 2021.

Komorowski L., Stanny M., 2020 — *Komorowski L., Stanny M.* Smart Villages: Where Can They Happen? // Land 2020, 9(5), 151; <https://doi.org/10.3390/land9050151>

Agency for Strategic Planning and Reform of the Republic of Kazakhstan, National Bureau of Statistics. Differences in internal migration in the Republic of Kazakhstan. <https://www.stat.gov.kz/official/industry>.

Agency of Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan, Department of the National Bureau of Statistics for Zhambyl region. Social and economic development of Zhambyl region / Information-analytical journal. Taraz 2022.

Agency for Strategic Planning and Reform of the Republic of Kazakhstan, National Bureau of Statistics. Quick information, assessment of nominal monetary income of the population in the 3rd quarter of 2022 by region. № 5–7/8473 dated December 27, 2022.

Prepared in the framework of the 'Preparatory Action on Smart Rural Areas in the 21st Century' project funded by the: Smart village strategy of Tomaszyn (Poland). December 2020.

Statistics of the Eurasian Economic Union. Socio-demographic indicators. January - September 2022: Statistical Bulletin / Eurasian Economic Commission. – Moscow, 2022. – 62 p.

Stark O., Levkhari D., 1982. — *Stark O., Levkhari D.* On migration and risks in LDCs. – Economic Development and Cultural Change. 1982. 31 (1). Pp.191–196.

Todaro M.P., 1969. — *Todaro M.P.* The model of labor migration and urban unemployment in less developed countries. American Economic Review 59. Pp. 138–148.

Yifan W., Yang Zh., Yansui L., 2020 — *Yifan W., Yang Zh., Yansui L.*, Exploring the outflow

of population from poor areas and its main influencing factors.// Published by Elsevier. Habitat International. May 2020. <https://doi.org/10.1016/j.habitatint.2020.102161>

Jiaqi Qi., Xiaoyong Zh., Hongdong Guo., 2018 — *Jiaqi Qi., Xiaoyong Zh., Hongdong Guo.*, The formation of Taobao villages in China. 2018. – China Economic Review, 2018. – 130 c. <http://> <https://www.researchgate.net/publication/327195104>

Hongsheng Li, Yingjie Wang, Jiafu Han, Zhuoyuan Yu., 2011 — *Hongsheng Li, Yingjie Wang, Jiafu Han, Zhuoyuan Yu.* Origin Distribution Visualization of Floating Population and Determinants Analysis: A Case study of Yiwu City. // - *Procedia Environmental Sciences*. Volume 7. 2011, Pp. 116–121, <https://doi.org/10.1016/j.proenv>.

Hualou Long, Yansui Liu, Xiubin Li, Yufu Chen., 2010 — *Hualou Long, Yansui Liu, Xiubin Li, Yufu Chen.* Building new countryside in China: A geographical perspective. – *Land Use Policy*. Volume 27. Issue 2, April 2010. Pp. 457–470. <https://doi.org/10.1016/j.landusepol>.

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ISSN 1991-3494
Volume 3. Number 403 (2023), 315-326
<https://doi.org/10.32014/2023.2518-1467.511>

UDC 338.984
SCSTI 06.52.35

© **Z.K. Altaibayeva^{1*}, V.P. Shelomentseva¹, D.Z. Aiguzhinova¹,
Sh.E. Mutallyapova², R.K. Alimkhanova³, 2023**

¹Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan;

²Kazakh Agrotechnical University named after S. Seifullin, Astana, Kazakhstan;

³Narxoz University, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: zhanat.ka@mail.ru

FINANCIAL MODELLING OF BUSINESS PROCESSES IN LIVESTOCK

Altaibayeva Zhanat — Candidate of Economic Sciences, Toraighyrov university, Professor of the Department of Finance and Accounting, Pavlodar, Kazakhstan

<https://orcid.org/0000-0003-3058-6965>. ID автoра: 57202926247. E-mail: zhanat.ka@mail.ru;

Shelomentseva Valentina — doctor of sociological sciences, professor of economics, Toraighyrov University, Professor of the Department of Economics, Pavlodar, Kazakhstan

<https://orcid.org/0000-0003-4451-0865>. ID автoра: 55763835300. E-mail: valshelom@mail.ru;

Aiguzhinova Dinara — Candidate of Economic Sciences, Toraighyrov university, Professor of the Department of Finance and Accounting, Pavlodar, Kazakhstan

<https://orcid.org/0000-0002-0067-9442>. ID автoра: 57190215974. E-mail: dinara.aiguzhinova@mail.ru;

Mutallyapova Shynar — Candidate of Economic Sciences, Kazakh Agrotechnical University named after S.Seifullin, Associate Professor of the Department "Management and Marketing", Astana, Kazakhstan

<https://orcid.org/0000-0003-2810-3469>. ID автoра: 57195993791. E-mail: shynara.kz@mail.ru;

Alimkhanova Roza — PhD, Narxoz University, Assistan Professor, G3, Almaty, Kazakhstan

<https://orcid.org/0000-0001-7597-0122>. ID автoра: 57195918137. E-mail: roza.alimkhanova@narxoz.kz.

Abstract. The relevance of this problem is justified by the priority of identifying internal production and technological reserves for saving resources which are based on the financial modelling of business processes in ensuring the profitability of enterprises engaged in livestock. The article reveals the essence, stages and benefits of applying financial modelling of business processes in livestock in the process of planning a production program and making decisions on business processes. The stages of developing a financial model of business processes described by the authors determine the need to harmonise the planning of the production program with the technology of keeping, cultivating and exploiting farm animals. A predictive comparison of the balance of financial flows exactly in the financial model will allow to make a decision in time about adjusting the production program if it shows

an unsatisfactory financial effect. The variability of operational financial planning is expanding, especially, when different cases of the production program can be considered while the input data is changing. The authors also note the improvement in the quality and reduction in labor costs of intra-company planning. The authors concluded with the practical results of using financial modelling of business processes. The analytical procedures' results reflected the tendency in changes in the object of study over time. Based on the results of the study, recommendations were given on the use of the financial modelling of business processes in livestock. The idea of developing and applying a standardized financial model of business processes in livestock is new, and the authors will have to perform a detailed analysis of the practical aspects of solving the problem. The authors note that in order to have the anticipated results from the use of financial modelling, it is necessary:

- to use a standardized financial model in intra-company planning, including a flexible approach that allows to take into account the specifics of the operating conditions of a particular enterprise.

- to organize livestock activities, mostly observing the production technology which is presented in the business process map.

Keywords: financial model, business processes, livestock, planning, production program, financial flows

© **Ж.К. Алтайбаева^{1*}, В.П. Шеломенцева¹, Д.З. Айгужинова¹,
Ш.Е. Муталляпова², Р.К. Алимханова³, 2023**

¹«Торайғыров университеті» КЕАҚ, Павлодар, Қазақстан;

²«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті»
КЕАҚ, Астана, Қазақстан;

³«Нархоз университеті» КЕАҚ, Алматы, Қазақстан.

E-mail: zhanat.ka@mail.ru.

МАЛ ШАРУАШЫЛЫғыНДАғы БИЗНЕС-ПРОЦЕСТЕРДІ ҚАРЖЫЛЫҚ МОДЕЛЬДЕУ

Алтайбаева Жанат — экономика ғылымдарының кандидаты, Торайғыров атындағы университет, «Қаржы және есеп» кафедрасының профессоры, Павлодар қ., Қазақстан
<https://orcid.org/0000-0003-3058-6965>. ID автора: 57202926247. E-mail: zhanat.ka@mail.ru;

Шеломенцева Валентина — әлеуметтану ғылымдарының докторы, Торайғыров атындағы университеттің экономика профессоры, экономика кафедрасының профессоры, Павлодар қ., Қазақстан

<https://orcid.org/0000-0003-4451-0865>. ID автора: 55763835300. E-mail: valshelom@mail.ru;

Айгужинова Динара — экономика ғылымдарының кандидаты, Торайғыров атындағы университет, «Қаржы және есеп» кафедрасының профессоры, Павлодар қ., Қазақстан
<https://orcid.org/0000-0002-0067-9442>. ID автора: 57190215974. E-mail: dinara.aiguzhinova@mail.ru;

Муталляпова Шынар — экономика ғылымдарының кандидаты, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, «Менеджмент және маркетинг» кафедрасының доценті, Астана, Қазақстан
<https://orcid.org/0000-0003-2810-3469>. ID автора: 57195993791. E-mail: shynara.kz@mail.ru;

Әлімханова Роза — PhD докторы, Narxoz университеті, ассистент-профессор, G3, Алматы, Қазақстан
<https://orcid.org/0000-0001-7597-0122>. ID автора: 57195918137. E-mail: roza.alimkhanova@narxoz.kz.

Аннотация. Қарастырылып отырған мәселенің өзектілігі мал шаруашылығымен айналысатын кәсіпорындардың табыстылығын қамтамасыз етуде бизнес-процестерді қаржылық модельдеу негізінде ресурстарды үнемдеудің ішкі өндірістік және технологиялық резервтерін анықтау басымдылығымен негізделеді. Мақалада өндірістік бағдарламаны жоспарлау және бизнес-процестер бойынша шешім қабылдау кезінде мал шаруашылығында бизнес-процестерді қаржылық модельдеуді қолданудың мәні, кезеңдері мен артықшылықтары ашылған. Авторлар сипаттаған бизнес-процестердің қаржылық моделін әзірлеу кезеңдері өндірістік бағдарламаны жоспарлауды ауыл шаруашылығы жануарларын ұстау, өсіру және пайдалану технологиясымен үйлестіру қажеттілігін анықтайды. Қаржылық модельде қаржы ағындарының тепе-теңдігін болжамды салыстыру қанағаттанарлықсыз қаржылық нәтиже көрсеткен жағдайда өндірістік бағдарламаны түзету туралы шешімді уақытында қабылдауға мүмкіндік береді. Кіріс деректері өзгерген кезде өндірістік бағдарламаның әртүрлі сценарийлерін қарастыруға болатын кезде жедел қаржылық жоспарлаудың баламалылығы кеңейеді. Сондай-ақ авторлар кәсіпорын ішілік жоспарлау сапасының жақсарғанын және еңбек шығындарының төмендеуін атап өтеді. Авторлар бизнес-процестерді қаржылық модельдеуді қолданудың практикалық нәтижелері туралы қорытынды жасады. Жүргізілген аналитикалық процедуралардың нәтижелері уақыт бойынша зерттеу объектісінің өзгеру тенденцияларын көрсетті. Зерттеу нәтижелері бойынша мал шаруашылығының бизнес-процестерінің қаржылық моделін қолдану бойынша ұсыныстар берілді. Мал шаруашылығындағы бизнес-процестердің стандартталған қаржылық моделін әзірлеу және қолдану идеясы жаңа және авторлармен мәселені шешудің практикалық аспектілеріне егжей-тегжейлі талдау жасау әлі алда бар. Авторлар қаржылық модельдеуді қолданудан күтілетін нәтижелерді қамтамасыз ету үшін мыналар қажет екенін атап өтеді:

- нақты кәсіпорынның жұмыс жағдайларының ерекшеліктерін барынша ескеруге мүмкіндік беретін икемді тәсілді жоққа шығармай, кәсіпорын ішілік жоспарлауда стандартталған қаржылық үлгіні пайдалану.

- бизнес-процесс картасында көрсетілген өндіріс технологиясын барынша сақтай отырып, мал шаруашылығын ұйымдастыру.

Түйін сөздер: қаржылық модель, бизнес-процестер, мал шаруашылығы, жоспарлау, өндірістік бағдарлама, қаржылық ағындар

© Ж.К. Алтайбаева^{1*}, В.П. Шеломенцева¹, Д.З. Айгужинова¹,
Ш.Е.Муталляпова², Р.К. Алимханова³, 2023

¹НАО «Торайгыров университет», Павлодар, Казахстан;

²НАО Агротехнический Университет имени С. Сейфуллина,
Астана, Казахстан;

³НАО «Университет Нархоз», Алматы, Казахстан.

E-mail: zhanat.ka@mail.ru.

ФИНАНСОВОЕ МОДЕЛИРОВАНИЕ БИЗНЕС-ПРОЦЕССОВ В ЖИВОТНОВОДСТВЕ

Алтайбаева Жанат — кандидат экономических наук, Торайгыровский университет, профессор кафедры финансов и бухгалтерского учета, г. Павлодар, Казахстан
<https://orcid.org/0000-0003-3058-6965>. ID автора: 57202926247. E-mail: zhanat.ka@mail.ru;

Шеломенцева Валентина — доктор социологических наук, профессор экономики Университета Торайгыров, профессор кафедры экономики, г. Павлодар, Казахстан
<https://orcid.org/0000-0003-4451-0865>. ID автора: 55763835300. E-mail: valshelom@mail.ru;

Айгужинова Динара — кандидат экономических наук, Торайгыровский университет, профессор кафедры финансов и бухгалтерского учета, г. Павлодар, Казахстан
<https://orcid.org/0000-0002-0067-9442>. ID автора: 57190215974. E-mail: dinara.aiguzhinova@mail.ru;

Муталляпова Шынар — кандидат экономических наук, Казахский агротехнический университет им. С.Сейфуллина, доцент кафедры «Менеджмент и маркетинг», г. Астана, Казахстан

<https://orcid.org/0000-0003-2810-3469>. ID автора: 57195993791. E-mail: shynara.kz@mail.ru;

Алимханова Роза — PhD, Университет Нархоз, доцент, G3, Алматы, Казахстан
<https://orcid.org/0000-0001-7597-0122>. ID автора: 57195918137. E-mail: roza.alimkhanova@narхоз.kz.

Аннотация. Актуальность рассматриваемой проблемы обоснована приоритетом выявления внутренних производственных и технологических резервов экономии ресурсов на основе финансового моделирования бизнес-процессов в обеспечении рентабельности предприятий, занятых животноводством. В статье раскрыты сущность, этапы и выгоды применения финансового моделирования бизнес-процессов в животноводстве при планировании производственной программы и принятии решений по бизнес-процессам. Описанные авторами этапы разработки финансовой модели бизнес-процессов определяют необходимость гармонизации планирования производственной программы с технологией содержания, выращивания и эксплуатации сельскохозяйственных животных. Прогнозное сопоставление баланса финансовых потоков в финансовой модели позволит вовремя принять решение о корректировке производственной программы, если она покажет неудовлетворительный финансовый эффект. Расширяется вариативность оперативного финансового планирования, когда можно рассматривать разные сценарии производственной программы при изменении входных данных. Также авторы отмечают улучшение качества и сокращение трудозатрат

внутрифирменного планирования. Авторами были сделаны выводы о практических результатах использования финансового моделирования бизнес-процессов. Результаты проводимых аналитических процедур отразили тенденции изменений объекта исследования во времени. По результатам исследования были даны рекомендации по использованию финансовой модели бизнес-процессов животноводства. Идея разработки и применения стандартизированной финансовой модели бизнес-процессов в животноводстве нова и авторам еще предстоит детальный анализ практических аспектов решения проблемы. Авторы отмечают, что для обеспечения ожидаемых результатов от использования финансового моделирования необходимо:

- использовать стандартизированную финансовую модель во внутрифирменном планировании, не исключая гибкий подход, позволяющий максимально учитывать специфику условий деятельности конкретного предприятия.
- организовать животноводческую деятельность, максимально соблюдая производственную технологию, представленную в карте бизнес-процессов.

Ключевые слова: финансовая модель, бизнес-процессы, животноводство, планирование, производственная программа, финансовые потоки

Введение

Трансформация экономических отношений в последнее десятилетие прошлого века привела к структурным сдвигам и в сельскохозяйственном производстве Казахстана. Процессы приватизации привели к тому, что поголовье сельскохозяйственных животных было распределено в основном среди крестьянских хозяйств и семейных ферм. По опубликованным данным, порядка 70 % продукции, животноводческой отрасли Казахстана, производится мелкими крестьянскими хозяйствами и личными подворьями (Айдапкелов, 2020). В последние пять лет поголовье крупнорогатого скота, овец и лошадей увеличивается. Динамика изменения поголовья сельскохозяйственных животных представлена в таблице 1.

Таблица-1. Динамика поголовья сельскохозяйственных животных в Казахстане, тыс.голов

Годы	Крупно–рогатый скот	Овцы, козы	Лошади
2018	7 150,9	18 699,1	2 646,5
2019	7 436,4	19 155,7	2 852,3
2020	7 850,0	20 057,6	3 139,8
Зерттеудің негізі болып - сарапшылар арасында жүргізілген сауалнама алға қойылды. Қазақстан Республикасының ресми статистикалық деректері - ақпарат көздері ретінде алынды. Қойылған мақсатқа жету үшін жіктеу әдісін, құрылымдық, регрессиялық, кластерлік тәсіл, жалпылау, талдау және салыстыру әдістері, зерттеудің экономикалық және статистикалық әдістері қолданылды.

Талқылаулар мен нәтижелер

Кластерлік тәсіл және регрессиялық модель негізінде Қазақстанда іскерлік туризм саласындағы саясатты іске асыру мәселесі ретінде бағаланды.

Қазақстанның 17 аймағына, оның ішінде Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Шығыс Қазақстан облыстары және де Алматы, Астана, Шымкент қалаларына талдау жасалған.


Әрбір өңір бойынша Қазақстанда іскерлік туризм саласындағы саясатты іске асыруды бағалаудың келесі көрсеткіштері алынған:

- туристік ресурстардың даму деңгейі (орналастыру орындарының саны);
- туристік өнімдер мен қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі (орналастыру орындарының бір жолғы сыйымдылығы (төсек-орын));
- қолайлы туристік климат; қонақүйлердің толымдылығы, %;
- орналастыру орындарындағы нөмірлер саны;
- ішкі туризм бойынша орналастыру орындарымен келушілерге қызмет көрсетілгені (резиденттер);
- келушілер туризмі бойынша орналастыру орындарымен келушілерге қызмет көрсетілгені (резидент еместер);
- орналастыру орындарында қызмет көрсетілген келушілер саны;
- орналастыру орындарында көрсетілген қызметтер көлемі, мың теңге;
- іскерлік туристерге берілген, орналастыру орындарымен төсек-тәулік;
- аймақта ірі халықаралық іс-шараларды өткізу тәжірибесі;
- аймақтың оқиғалар индустриясы саласындағы саясаты және мамандандырылған үйлестіру органдарының қызметінің болуы.

Регрессия моделіндегі тәуелді айнымалы ретінде аймақтағы МІСЕ туризмі бойынша келушілер саны қарастырылды.

Зерттеу шеңберінде іскерлік туризмді дамытуда кластерлік тәсілді

пайдаланудың орындылығын анықтау үшін сараптамалық сауалнама жүргізілді. Сараптамалық сауалнамаға 61 сарапшыдан тұратын түрлі жастағы адамдар қатысты (сурет 1).




Сурет 1 – Сарапшыларды жасы бойынша бөлу

Ескертпе – авторлармен сауалнама нәтижелері бойынша құрастырылған.

39 жасқа дейінгі жас тобы 62,3 % (38 адам) құрады. Бұдан кейін 40-55 жас аралығындағы санат – 31,1 % (19 адам). 55 жастан асқан адамдар санаты сарапшылардың 6,6% құрады (4 адам).

Сарапшылардың 24,5 %-ы Қазақстанның туризм саласындағы кластерлік саясатын оң бағалады. Оның ішінде 19,7 % туристік саладағы кластерлік бастамалар «4» (жақсы) бағасына лайық деп санайды және сарапшылардың 4,8 % кластерлік саясатты «5» (өте жақсы) деп бағалады (сурет 2).



Сурет 2 – Қазақстанның туристік саласындағы кластерлік саясатының бағалануы жайлы пікір, %

Ескертпе – авторлармен сауалнама нәтижелері бойынша құрастырылған.

Сарапшылар түсініктемелерде Қазақстан Республикасының Үкіметі 2004 жылы бастамашы болған «Қазақстан экономикасын жетіспейтін салаларында кластерлерді дамыту арқылы әртараптандыру» жобасы туристік сала үшін әлі де оң нәтижелер беріп отырғанын, анығында бірінші қазақстандық кластерлік бастаманың негізі қаланғанын атап көрсетеді. МІСЕ туризм саласында туристік кластерді қалыптастырудың маңыздылығын ескере отырып, еліміздің қалған өңірлерінің туристік әлеуетін зерттеу мақсатында «IPK International» халықаралық компаниясымен 65 млн теңге сомасына шарт жасалды. Зерттеу қорытындысы бойынша еліміздің бәсекелестік артықшылықтары мен кластерлік бастамаларын ескере отырып, туристік саланы одан әрі дамыту стратегиясы бойынша ұсынымдары және олардың шеңберінде Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ақмола және Маңғыстау облыстарының пилоттық туристік кластерлерінің мастер-жоспарларының жобалары әзірленген болатын.

Жоғарыда баяндалғанды негізге ала отырып, республикамызда туристік саладағы қазақстандық кластерлік бастаманы нақты іске асыру бойынша тиімді жұмыс жүргізілді деп айтуға негіз бар. Алайда, нәтижелер жеміс бергеннен гөрі теріс болып шықты, себебі туристік кластерлерді дамытудың бірде-бір пилоттық жобасы практикалық іске асыру сатысына толық көлемде қол жеткізе алмады.

Мәселен, мемлекет басшысының Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарын және «Қазақстан өңірлерінде әлеуеті бар туристік кластерді дамыту» тармағы шеңберінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022–2025 жылдарға арналған бағдарламасын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарының жүзеге асыру барысы туралы ақпаратқа сәйкес ОҚО әкімдігі келесі басым туризм орталықтарын анықтады: Шымкент, Түркістан, Сайрам, Созақ, Төлеби, Отырар, Бәйдібек және Түлкібас аудандары. Шебер-жоспардың жобасы әзірленді, оның шеңберінде Түркістан қаласы мен Отырар ауданындағы Жібек Жолы орталығында төменде көрсетілген туристік объектілердің құрылысына жобалау-сметалық құжаттама дайындалған. Алайда, аталған туристік объектілердің ешқайсысы салынбаған, ал туристік кластердің шебер-жоспары іске асырылмаған.

Көріп отырғанымыздай, Бағдарламада қойылған мақсат нақты және қол жетімді нәтижелерді қамтамасыз етпестен анық емес және дерексіз тұжырымдалған. Мұндай мақсаттарды іске асыру мерзімі, шын мәнінде, шектеусіз. Осыған байланысты міндеттерді тұжырымдау дұрыстығын бағалау қиынға соғады. Бағдарлама шеңберінде жүргізілген туризмнің қазіргі жай-күйіне талдау негізсіз болып табылады, нақты мәселелері де анықталмаған. Өңірлік туризмді табысты дамытудың халықаралық тәжірибесі де көрініс таппауда. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келмейді. Бағдарлама бойынша күтілетін нәтижелерге толық көлемде қол жеткізілмеген. Іс-шаралар жоспарын орындау барысы мен нәтижелері туралы бағдарлама әкімшісінің мерзімді есептерін дайындау - міндеті болып табылатын мониторинг жүйесі де орын алмаған [7].

Сондықтан, зерттеу сарапшыларының 75,5% – туристік саланың кластерлік саясатын сыни бағалап, 1 (өте нашар) – ден 3 (қанағаттанарлық) балға дейін баға берілген. 2022 жылы туындаған негізгі мәселелердің ішінде сарапшылар төмендегілерге тоқталған болатын:


- билік тарапынан жобаның толық игерілмеуі;
- мемлекет - бизнес-ғылым моделінің элементтері арасында жолға қойылған өзара іс-қимылдың болмауы;
- нашар қаржыландырылу;
- кадрлардың төмен деңгейде даярлануы;
- мәлімделген мақсаттар мен міндеттерді іске асыруды бақылау жүйесінің болмауы (сурет 3).



Сурет 3 – Кластерлік саясатты бағалау жайлы пікір, %
Ескертпе – авторлармен сауалнама нәтижелері бойынша құрастырылған.

Сараптамалық сауалнама нәтижелері көрсеткендей, әріптестік қатынастардың және «мемлекет-бизнес-ғылым» моделінің элементтері арасындағы жолға қойылған өзара тығыз қатынастың болмауы 2021 жылы Қазақстанның туристік саладағы кластерлік саясатын іске асырудағы негізгі мәселелер тізімінде бірінші орынға ие. Ал стейкхолдерлермен тиімді өзара іс-қимыл кластердің іргелі міндеттерінің бірі болып табылады. Мінсіз кластерде Үкімет бизнесті қолдайды. Зерттеушілер бизнесмендермен үнемі диалог жүргізеді. Оқу орындары кластерді қажетті дағдылар мен құзыреттермен еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету мақсатында компаниялармен өзара әрекет жасайды. Қаржы институттары компаниялармен ынтымақтасады және қажетті капиталды қамтамасыз етеді.

Осыған байланысты, біздің зерттеуіміздің аясында бүгінгі күні стейкхолдерлер бір-бірімен қаншалықты жиі өзара әрекеттесетіні бағаланған (сурет 4).




Сурет 4 – Искерлік туризм нарығындағы өзара қатынасы мен ынтымақтастығының басым түрлері жайлы пікір, %

Ескертпе – авторлармен сауалнама нәтижелері бойынша құрастырылған.

Нәтижелер апта сайынғы өзара әрекеттесудің оң статистикасын көрсетілген болатын. Бизнес-сектормен байланыста 50 сарапшы, мемлекеттік сектормен 37 сарапшы және республикалық коммерциялық емес ұйымдармен 16 сарапшы болды. Алайда халықаралық және білім беру ұйымдарымен өзара іс-қимылда төмен позициялар байқалған (8 жауаптан), ал зерттеу институттарымен апта сайын тек 3 сарапшы жұмыс істеді. Сонымен қатар, зерттеу институттарымен ай сайынғы өзара әрекеттесу нәтижелері жоғары статистиканы көрсеткен (14 жауап). Сондай-ақ, білім беру (25 жауап), қаржы (24 жауап) және халықаралық ұйымдармен (22 жауап) өзара іс-қимылда оң позициялар орын алған.

Туристік кластерді құру мақсаттарының басымдылығы мен деңгейлерін бағалау нәтижелері - осының дәлелі болып табылады (сурет 5).




Сурет 5 – Искерлік туризм кластерін құру мақсаттарының басымдық деңгейлерін бағалау жайлы пікір, адам

Ескертпе – авторлармен сауалнама нәтижелері бойынша құрастырылған.

Сарапшылардың пікірінше, аталған мақсаттардың барлығы дерлік басымдықтың жоғары деңгейіне ие. Олардың ішінде кластерге қатысушылар арасында әріптестік қатынастарды құру және дамыту; туристік инфрақұрылымды дамыту; инвестициялар тарту; ортақ мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған бірлескен орта құру; туризмнің маркетингтік стратегиясын әзірлеу және ілгерілету; жаңа туристік өнімдерді әзірлеу; жұмыспен қамтуды ұлғайту; туризмдегі білім беру және ғылыми-зерттеу ортасын жандандыру сияқты мақсаттар ең жоғары көрсеткіштерге ие.

Іскерлік туризм кластерінің негізгі стейкхолдерлерінің бірі білім беру ұйымдары болып табылады. Осыған байланысты біз сарапшылардан Қазақстандағы туризмнің білім беру және ғылыми кеңістігін бағалауын сұрадық. Осылайша, респонденттердің 42,6 % туризмдегі білім беру және ғылыми қызметке «қанағаттанған» бағасын берді (сурет 6).



Сурет 6 – Қазақстандағы туризмнің білім беру және ғылыми кеңістігін қалай бағалайтыны жайлы пікір, %

Ескертпе – авторлармен сауалнама нәтижелері бойынша құрастырылған.

Бұл ретте 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша респонденттердің 26,2 % туризмнің білім беру және ғылыми кеңістігін 2-ге (нашар) бағалады, бұл ретте кадрлар даярлаудың төмендігін және білім беру бағдарламаларының нарық талаптарына сәйкес еместігін атап өтті.

Осыған байланысты іскерлік туризм саласындағы кадрлық әлеуетті сарапшылардың 49,2 % 3-ке бағалады (қанағаттанарлық), түлектердің басқарушылық және практикалық дағдыларының жоқтығын, коммуникативтік қабілетінің дамымағандығын және ағылшын тілін нашар білетіндігін атап өткен (сурет 7).



Сурет 7 – «Қазақстанның іскерлік туризм саласындағы кадрлық әлеуетін қалай бағалайтыны жайлы пікір, %

Ескертпе – авторлармен сауалнама нәтижелері бойынша құрастырылған.

Сарапшылардың 18,4 % іскерлік туризм кадрларын 4-ке (жақсы) және 6,6 % 5-ке (өте жақсы) бағалайды.

Бұл нәтижелер туризмдегі білім беру стандарттарын өзгерту, ең алдымен білім беру мен өндірістік практика бағдарламаларын қайта қарау қажеттілігін растайды.

«Іскерлік туризмдегі кластерді құру бойынша бастаманы кім қабылдауы керек?» деген сұраққа сарапшылардың 72,1 % мемлекет те, бизнес те тең дәрежеде деп жауап берген (сурет 8).



Сурет 8 – Іскерлік туризмдегі туристік кластерді құру бойынша бастаманы кім қабылдауы керектігі жайлы пікір, %

Ескертпе – авторлармен сауалнама нәтижелері бойынша құрастырылған.

Сарапшылардың 14,8 % – іскерлік туризмдегі туристік кластер құру жөніндегі бастаманы мемлекет қана өз мойнына алуға тиіс деп есептейді. Ал сарапшылардың 11,5 % – кластерлік бастамалар бизнес тарапынан-төменнен жоғары қарай жүруі тиіс деп санайды.

Іскерлік туризмдегі туристік кластерді құру және оның жұмыс істеуі жөніндегі қаржыландыру мәселелерін сарапшылардың 57,4 % мемлекет те, бизнес те бірдей дәрежеде өз мойнына алуға тиіс (сурет 9).




Сурет 9 – Құру бастамасын кім қаржыландыруы керектігі және туристік кластердің жұмыс істеуі жайлы пікір, %

Ескертпе – авторлармен сауалнама нәтижелері бойынша құрастырылған.

Бұл ретте сарапшылардың 32,8 % – қаржыландыру көзі ретінде мемлекет болуы тиіс деп санайды және сарапшылардың 8,2% іскерлік туризмдегі туристік кластер қызметін қаржылық қамтамасыз етумен бизнес-орта айналысуы тиіс деп есептеген.

Туристік кластер қызметін қаржыландыру көздерінің бірі -қатысушылардың жарналары болып табылады. Сарапшылардың 57,6% жыл сайынғы жарналарға оң көзімен қарады, алайда сарапшылардың 42,4 % бұл пікірмен келіспеді (сурет 9).


Сарапшылардың пікірінше, іскерлік туризмдегі Туристік кластер кеңесіне секторлардың мынадай өкілдері кіруі тиіс: 50 % – бизнес секторы, 20 % – мемлекеттік сектор, 10% - қаржы секторы, 10 % – үкіметтік емес сектор, 10 % – білім беру секторы (сурет 10).



Сурет 10 – MICE Туристік кластерінің кеңесіне қай сектордың өкілдері кіруі керектігі жайлы пікір, %

Ескертпе – авторлармен сауалнама нәтижелері бойынша құрастырылған.

Зерттеу шеңберінде іскерлік туризмдегі туристік кластердің өзара іс-қимылы мен ынтымақтастығының басым түрлері айқындалды (сурет 11).



Сурет 11 – Іскерлік туризмдегі туристік кластердің өзара іс-қимылы мен ынтымақтастығының басым түрлерін бағалау жайлы пікір, %

Ескертпе – авторлармен сауалнама нәтижелері бойынша құрастырылған.

Сарапшылардың пікірінше, өзара іс-қимылдың ең басым түрі — туристік кластердегі компаниялар арасындағы тікелей тиімді ынтымақтастық болып табылады. Екінші орында – компаниялар мен мемлекеттік ұйымдар арасындағы өзара іс-қимыл, үшінші орында-компаниялар мен қаржы институттары арасындағы өзара іс-әрекет. Көшбасшылардың рейтингін - туристік кластер мен басқа кластерлер арақатынасын, білім беру мекемелері арасындағы ынтымақтастық орнын толтырады.

Туристер мен шетелдік қонақтардың жоғары қажеттіліктеріне жауап беретін, жаңа сапалы және қазіргі заманғы жұмыс орындарын құруға, шетелдік инвестицияларды тартуға және Қазақстанды әлемдік туристік нарықта ілгерілетуге ықпал ететін MICE туризм саласындағы бәсекеге қабілетті туристік кластерді дамыту қажеттігі айқындалды.

Әрі қарай, көрсетілген параметрлердің тәуелді айнымалыға әсерін анықтау үшін – аймақтағы MICE туризмі бойынша келген келушілер санына SPSS әдісі көмегімен регрессиялық талдау жүргізілді (2011-2021 жылдардағы көрсеткіштер бойынша орташа деректер SPSS бағдарламасы арқылы өңделді).

Жалпы Қазақстан Республикасы бойынша 2011–2021 жылдарға арналған айнымалылар бойынша сипаттамалық статистика кесте1 мен 2 келтірілген.

Кесте 1 – MICE туризм үдерісінің SPSS-тапдауына арналған деректері

Көрсеткіштер	Бел- гі леу	2011ж	2012ж	2013ж	2014ж	2015ж	2016ж	2017ж	2018ж	2019ж	2020ж	2021ж
MICE туризмі бойынша келушілер саны	Y	1797971	2115260	2072954,8	1480682	1882581,4	1861428, 8	1692208	1649902,8	1480682	1247223	1443696
Орналастыру орындарының саны	X1	1463	1626	2000	2081	2114	2439	3338	3083	3444	3514	3670
Орналастыру орындарының біржолғы сыйымдылығы (төсек-орын)	X2	49221	61526	73831	86136	110747	104594	116284	123052	153815	183619	191653
Қонақ үйлерді толтыру, %	X3	20,09	22,32	22,55	17,86	18,98	21,88	16,49	16,84	17,01	17,36	20,99
Орналастыру орындарындағы нөмірлер саны	X4	32135	36106	40118	51434	59119	59716	62859	63494	75588	77131	79957
Келушілерге орналастыру орындары (резиденттер) қызмет көрсетті	X5	1452049, 35	1528473	1681320,3	2139862,2	2353848, 42	2567834, 64	2598404, 1	3209793,3	4279724,4	3328614	3882858
Резидент емес келушілерге қызмет көрсетілді	X6	425654,07	478263	526089,3	669568,2	645655,05	698263, 98	860873,4	946960,74	1004352,3	151673	208536
Орналастыру орындарымен көрсетілген қызметтер көлемі, мың теңге	X7	70176928, 48	87721160,6	83335102,57	96493276,66	122809624, 8	131581740, 9	15789 8089,1	156143 665,9	174565 109,6	6686 0328	7890 5119
Орналастыру орындарымен төсек-тәулік берілді	X8	3627619, 939	3701652, 999	3084710,832	3586873,061	4598555 ,206	5285695, 64	4805 177,854	4953791, 602	5566057, 98	5679651	6814509

Ескертпе – [6] дереккөзі негізінде құралған.

Кесте 2 – MICE туризм үдерісінің мәнін анықтауға арналған сипаттамалық статистика көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Минимум	Орташа	Максимум
MICE туризмі бойынша келушілер саны	1247223	1702235	2115260
Орналастыру орындарының саны	1463	2615	3670
Орналастыру орындарының біржолғы сыйымдылығы (төсек-орын)	49221	114043	191653
Қонақ үйлерді толтыру, %	16,5	19,3	22,6
Орналастыру орындарындағы нөмірлер саны	32135	57968	79957
Келушілерге орналастыру орындары (резиденттер) қызмет көрсетті	1452049	2638434	4279724
Резидент емес келушілерге қызмет көрсетілді	151673	601444	1004352
Орналастыру орындарымен көрсетілген қызметтер көлемі, мың теңге	66860328	111499104	174565109
Орналастыру орындарымен төсек-тәулік берілді	3084710	4700390	6814509

Осылайша, MICE туризм саласындағы қызмет көрсетілген келушілердің орташа саны (резиденттер) талданған кезеңде 1702235 адамды құрады. Орташа алғанда, орналастыру орындарының сыйымдылығы барлық өңірлер бойынша 114043 төсек-орынды құрады. Қонақ үйлердің орташа толымдылығы 19,3 % құрайды. Орта есеппен 111499104 мың теңге сомаға орналастыру орындарымен қызметтер көрсетілгенін байқатты.

Корреляциялық талдау нәтижелері бойынша қонақүйлердің толтырылуы және MICE туризмі бойынша келушілер саны сияқты айнымалылар арасында мықты корреляция байқалады, сондай-ақ MICE туризмі бойынша төсек-орын мен келушілер саны берілген (кесте 3).

Кесте 3 – MICE туризм үдерісін анықтауға арналған жиынтықтық көрсеткіштері (үлгі)

Үлгі үшін жиынтық көрсеткіштері										
Модель	R	R-квадрат	Түзелген R-шаршы	Стандартты бағалау катесі	Өзгеру статистикасы					Дарбин-Уотсон
					R квадратын өзгерту	F Өзгерту	ст.св.1	ст.св.2	F өзгерісінің маңыздылығы	
1	1,0	0,999	0,996	16592,4	0,999	340,25	8	2	0,003	3,235
<p>а. Предикторлар: (константа), MICE келушілерге қызмет көрсетілді резидент еместерге, Қонақ үйлерді толтыру, %;</p> <p>Орналастыру орындарының саны; Келушілерге ішкі туризм бойынша орналастыру орындары (резиденттер) қызмет көрсетті; Орналастыру орындарының біржолғы сыйымдылығы (төсек-орын); Келушілерге келу туризмі бойынша орналастыру орындарымен қызмет көрсетілді (резидент еместер); Орналастыру орындарымен төсек-тәулік берілді; Орналастыру орындарындағы нөмірлер саны; Орналастыру орындарында қызмет көрсетілген келушілер саны; Орналастыру орындарымен көрсетілген қызметтер көлемі, мың теңге,</p> <p>б. Тәуелді айнымалы: MICE бойынша келушілерге қызмет көрсетіледі резиденттер</p>										

Жоғарыда келтірілген кестені талдай отырып, модель - статистикалық тұрғыдан маңызды, ал оны R-коэффициенті растайтын квадрат 0,999 тең екеніне көз жеткізіп отырмыз.

ANOVA регрессиялық моделінің параметрлері төмендегі кестеде келтірілген (кесте 4).

Кесте 4 – MICE туризм үдерісін талдауға арналған ANOVA регрессиялық моделінің көрсеткіштері

Модель	Квадраттар сомасы	ст.св.	Орташа квадрат	F	Маңыздылығы
1 Регрессия	749394073883,658	8	93674259235,457	340,252	0,003
2 Қалдық	550616667,528	2	275308333,764		
3 Барлығы	749944690551,186	10			

а. Тәуелді айнымалы: MICE бойынша келушілерге қызмет көрсетіледі резиденттер

б. Предикторлар: (константа),
MICE келушілерге қызмет көрсетілді резидент еместерге,
Қонақ үйлерді толтыру, %,
Орналастыру орындарының саны,
Келушілерге ішкі туризм бойынша орналастыру орындары (резиденттер) қызмет көрсетті,
Орналастыру орындарының біржолғы сыйымдылығы (төсек-орын),
Келушілерге келу туризмі бойынша орналастыру орындарымен қызмет көрсетілді (резидент еместер),
Орналастыру орындарымен төсек-тәулік берілді,
Орналастыру орындарындағы нөмірлер саны,
Орналастыру орындарында қызмет көрсетілген келушілер саны,
Орналастыру орындарымен көрсетілген қызметтер көлемі, мың теңге.

Регрессия моделі коэффициенттерінің көрсеткіштері төмендегі кесте 5 келтірілген.

Кесте 5 – MICE туризм үдерісін талдауға арналған регрессиялық модель коэффициенттері

Модель	Стандарталмаған коэффициенттер		Стандартталған коэффициент	t	Маңыздылығы
	B	Стандартталған қате	Бета		
1 (Константа)	875350,917	102933,869		8,504	0,014
2 Орналастыру орындарының саны	-196,549	26,756	-0,583	-7,346	0,018
3 Орналастыру орындарының біржолғы сыйымдылығы (төсек-орын)	21,396	2,097	3,664	10,204	0,009
4 Қонақ үйлерді толтыру, %	67655,645	3531,919	0,579	19,155	0,003
5 Орналастыру орындарындағы нөмірлер саны	-44,296	3,977	-2,671	-11,139	0,008

6	Келушілерге орналастыру орындары (резиденттер) қызмет көрсетті	-0,394	0,044	-1,359	-8,986	0,012
7	Резидент емес келушілерге қызмет көрсетілді	0,368	0,245	0,373	1,501	0,272
8	Орналастыру орындарымен көрсетілген қызметтер көлемі, мың теңге	0,008	0,001	1,137	6,381	0,024
9	Орналастыру орындарымен төсек-тәулік берілді	0,018	0,027	0,073	0,660	0,577
а. Тәуелді айнымалы: МІСЕ туризмі бойынша келушілер саны						

МІСЕ туризмі бойынша келушілер санының қалдық статистикасы төмендегі кестеде келтірілген (кесте 6).

Кесте 6 – МІСЕ туризм үдерісін талдауға арналған қалдық статистикасы

	Минимум	Орташа	Максимум	Стандартты ауытқу	N
Болжамды мағынасы	1255370,5000	1702235,4364	2128123,7500	273750,62993	11
Қалдық	-12863,85156	0,00000	7927,22803	7420,35489	11
Стандартты Болжамды мағынасы	-1,632	0,000	1,556	1,000	11
Стандартты Қалдық	-0,775	0,000	0,478	0,447	11
а. Тәуелді айнымалы: МІСЕ туризмі бойынша келушілер саны					

Осылайша, Қазақстанда МІСЕ туризм саласындағы саясатты іске асыруды айқындайтын регрессиялық модель төменде келтірілген:

$$\begin{aligned} \text{Өңірде МІСЕ – туризмі бойынша келушілер көлемі} &= 875350,917 \\ &+ 67645,555 \text{ Орналастыру орындарының біржолғы сыйымдылығы (төсек} \\ &\text{– орын)} + 954,69 \text{ Қонақүйлердің толтырылуы} \\ &- 44,296 \text{ Орналастыру орындарымен төсек тәулік берілді} \end{aligned}$$

Мұндағы:

- Аймақтағы МІСЕ – туризмге келушілер саны
- x_1 -Орналастыру орындарының саны
- x_2 -Бір жолғы сыйымдылық
- x_3 -Қонақүйлердің толымдылығы
- x_4 -Орналастыру орындарындағы нөмірлер саны
- x_5 -Келушілерге қызмет көрсету (резиденттер)
- x_6 -Келушілерге (резидент еместерге) қызмет көрсетілді
- x_7 -Қызмет көлемі
- x_8 -Төсек тәулік берілген

Осылайша, тәуелді айнымалыға орналастыру орындарындағы сандар саны сияқты көрсеткіш теріс әсер етеді екен. Тәуелді айнымалыға оң әсерін тигізетін параметрлер: орналастыру орындарының біржолғы сыйымдылығы (төсек-орын), қонақ үйлердің толтырылуы.

Қорытынды

Регрессиялық модель негізінде MICE туризмінің дамуын тиімді жоспарлау мен болжау арқылы іскерлік туризмнің оң даму саясатын қалыптастыруға болады.

Іскерлік туризмді дамыту саласындағы міндеттерді негізге ала отырып, елімізде іскерлік туризмді дамытудың негізгі бағыттарын айқындап көрсете аламыз:

- іскерлік туризм саласын дамытуды нормативтік-құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру;

- іскерлік туризм саласын дамытудың ұйымдық және экономикалық шарттарын жетілдіру;

 - Қазақстан өңірлерінде іскерлік туризмді дамыту стратегиясын қалыптастыру;

 - іскерлік туризмге, қатысушылардың барлық топтарының өзара іс-қимыл тетіктерін үйлестірудің заманауи жүйесін құру;

 - іскерлік туризмді әдістемелік және ақпараттық-талдамалық қамтамасыз ету;

 - іскерлік туризм индустриясын материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жақсарту;

 - іскерлік туризм индустриясы саласындағы білікті мамандарды даярлау;

 - іскерлік туризмді дамытуды инновациялық-технологиялық қамтамасыз ету;

 - Қазақстанның іскерлік туризм индустриясын халықаралық туристік қызметтер нарығына жылжытуды жарнамалық-маркетингтік қамтамасыз ету.

Қалай болғанда да, Қазақстандағы MICE туризм тиімді бағыт болуы мүмкін. Республикамыздағы MICE туризм бірінші кезекте ішкі туризмді жетілдіруге сүйенеді, яғни ішкі туризмді дамытуға - ұлттың өзі мүдделі болуы тиіс. Талдау барысы MICE саласының даму мәселелерін анықтауға мүмкіндік берді. Ең алдымен, қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыру қажеттілігі туындады. Бүгінгі күні осы саланың мамандары үшін базалық білім беру бағдарламалары іс жүзінде жоқ. Негізінен барлығы біліктілікті арттыру немесе қайта даярлау курстарымен ғана шектеледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

WPTM Outlook Annual Global Report & Forecast, 2021 // 25.07.2022.

Global business travel recovery stalled by recent headwinds // 17.02.2023.

GBTA Projects Full Business Travel Recovery by, 2026 // 17.02.2023.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы: 2018 жылдың 15 ақпанда, №636 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1800000636>. 27.02.2019.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы: 2017 жылдың 30 маусымы, №406 // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000406>. 27.08.2019.

Қазақстан туризмі 2017–2021: стат. жин. / Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі – Нұр-Сұлтан, 2022. – 65 б.

Trusheva Sh., Abdramanova G., Zhakupov A. et al. Assessment of the impact of regional characteristics and the development of event tourism on business tourism in the Republic of Kazakhstan based on clusterization and a regression model // Journal of Environmental Management and Tourism. – 2022. – Vol. 13. Issue 4 (60). – Pp. 985–994.

REFERENCES

BTI™ Outlook Annual Global Report&Forecast – 2021 // [https:// revistatravelmanager.com/wp-content/uploads/2022/02/2021-gbta](https://revistatravelmanager.com/wp-content/uploads/2022/02/2021-gbta). 25.07.2022.

Global business travel recovery stalled by recent headwinds // [https:// insights.ehotelier.com/global-news/2022/08/25/global-business-travel](https://insights.ehotelier.com/global-news/2022/08/25/global-business-travel). 17.02.2023.

GBTA Projects Full Business Travel Recovery by 2026 // [https://www. businessstravelexecutive.com/news/gbta-projects-full-business-travel](https://www.businessstravelexecutive.com/news/gbta-projects-full-business-travel). 17.02.2023.

Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniñ Jarlyǵy. Qazaqstan Respublikasynyñ 2025 jylǵa deingı Últtyq damu josparyn bekitu jáne Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniñ keibir jarlyqtarynyñ kúshı joiyldy dep tanu turaly: 2018 jyldyñ 15 aqpannda, №636 bekitilgen // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1800000636>. 27.02.2019.

Qazaqstan Respublikasy Úkımetinıñ Qaulysy. Qazaqstan Respublikasynyñ turistik salasyn damytudyñ 2023 jylǵa deingı tıjyrymdamasyn bekitu turaly: 2017 jyldyñ 30 mausymy, № 406 // [http:// adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000406](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000406). 27.08.2019.

Qazaqstan turizmi 2017–2021: stat. jin. / Qazaqstan Respublikasy Strategialyq josparlau jáne reformalar agenttigi – Nūr-Súltan, 2022. – 65 p.

Trusheva Sh., Abdramanova G., Zhakupov A. et al. Assessment of the impact of regional characteristics and the development of event tourism on business tourism in the Republic of Kazakhstan based on clusterization and a regression model // Journal of Environmental Management and Tourism. – 2022. – Vol. 13. Issue 4 (60). – Pp. 985–994.

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ISSN 1991-3494
Volume 3. Number 403 (2023), 577-590
<https://doi.org/10.32014/2023.2518-1467.530>

IRSTI 06.71

© A.S. Ualtayeva^{1*}, Laszlo Vasa², M.D. Ualtayev³, 2023

¹Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology;

²Budapest Metropolitan University;

³Institute of Economics CS MES RK.

E-mail: altyn.lazzat@mail.ru

ANALYSIS OF THE LABOR MARKET OF KAZAKHSTAN: INFORMAL EMPLOYMENT

Ualtayeva Altyn Slamkaidar — Candidate of Historical Sciences, Associate Professor at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, 050010. Almaty. Kazakhstan
E-mail: altyn.lazzat@mail.ru. ORCID 0000-0002-6058-6061;

Laszlo Vasa — PhD Professor Vice Rector for Scientific Affairs, Budapest Metropolitan University, Budapest, Hungary
E-mail: Laslo_basa@mail.ru.

Ualtayev Mukhtar Dulatovich — PhD of the Institute of Economics CS MES RK, Almaty, Republic of Kazakhstan
E-mail: mukhtar_8282@list.ru.

Abstract. The article is a study of the labor market in the republic with an emphasis on informal employment. The authors of the article analyze various aspects of informal employment in Kazakhstan, including its level, dynamics, causes and consequences. The article examines informal employment as a widespread phenomenon, which made up a significant proportion of the total number of employed Kazakhstanis in the modern period. The authors note that it has its advantages, such as more flexible work schedules and the ability to earn income without formal employment. However, the disadvantages of informal employment, such as low wages, lack of social guarantees and instability, have also been studied. The article analyzes various reasons for the emergence of new forms of employment in the republic, such as: economic crisis, low income and difficulties in official employment. In addition, the authors investigated the negative consequences of informal employment, such as increase in income inequality and a low level of social protection of workers. The results of the study of informal employment in Kazakhstan are introduced into scientific discourse as emerging new and important aspects of the labor market that need regulation and support from the state. The article speaks in favor of the necessity to create a more stable and protected environment for workers in the informal sector

of the economy, which in the future can become the main forms of employment not only in the republic, but also in the across the globe.

Key words: Economic crisis, labor market, informal employment, digital platforms

© *А.С. Уалтаева*^{1*}, *Laszlo Vasa*², *М.Д. Уалтаев*³, 2023

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты;

²Будапешт Метрополитен университеті;

³ҚР БҒМ ҒК Экономика институты.

E-mail: altyn.lazzat@mail.ru

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК НАРЫҒЫН ТАЛДАУ: БЕЙРЕСМИ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Уалтаева Алтын Слямқайдаровна — тарих ғылымдарының кандидаты, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қауымдастырылған профессоры, 050010. Алматы, Қазақстан

E-mail: altyn.lazzat@mail.ru. ORCID 0000-0002-6058-6061;

Ласло Васа — PhD, профессор, Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор Будапешт Метрополитен университеті

E-mail: Laslo_basa@mail.ru;

Уалтаев Мухтар Дулатович — ҚР БҒМ ҒК Экономика институтының PhD докторанты, Алматы, Қазақстан Республикасы

E-mail: mukhtar_8282@list.ru.

Аннотация. «Қазақстандағы еңбек нарығын талдау: бейресми жұмыспен қамту» мақаласы бейресми жұмыспен қамту мәселесіне назар аудара отырып, республикадағы еңбек нарығын зерттеу болып табылады. Мақала авторлары Қазақстандағы бейресми жұмыспен қамтудың әртүрлі аспектілерін, оның ішінде оның деңгейін, динамикасын, себептері мен салдарын талдайды. Мақалада бейресми жұмыспен қамту қазіргі кезеңде жұмыспен қамтылған қазақстандықтардың жалпы санының елеулі бөлігін құрайтын жалпы құбылыс ретінде қарастырылады. Авторлар оның икемді жұмыс кестесі және ресми жұмыссыз табыс табу мүмкіндігі сияқты артықшылықтары бар екенін атап өтеді. Дегенмен, бейресми жұмыспен қамтудың төмен жалақысы, әлеуметтік кепілдіктердің жоқтығы және тұрақсыздық сияқты кемшіліктері де зерттелді. Мақалада республикада жұмыспен қамтудың жаңа түрлерінің пайда болуының әртүрлі себептері талданады, мысалы: экономикалық дағдарыс, төмен табыстар және ресми жұмыспен қамтудағы қиындықтар. Сонымен қатар, авторлар бейресми жұмыспен қамтудың келеңсіз салдарын, мысалы, табыс теңсіздігінің артуы және жұмысшылардың әлеуметтік қорғалу деңгейінің төмендігін зерттеді. Қазақстандағы бейресми жұмыспен қамтуды зерттеу нәтижелері мемлекет тарапынан реттеу мен қолдауды қажет ететін еңбек нарығының жаңа және маңызды аспектілері ретінде ғылыми айналымға енгізілді. Экономиканың бейресми секторындағы жұмыскерлер үшін болашақта тек республикада

ғана емес, сонымен қатар жаһандық әлемде жұмыспен қамтудың негізгі нысандарына айналуы мүмкін неғұрлым тұрақты және қауіпсіз органы құру қажеттігі айтылады.

Түйін сөздер: Экономикалық дағдарыс, еңбек нарығы, бейресми жұмыспен қамту, цифрлық платформалар

© А.С. Уалтаева^{1*}, Ласло Васа², М.Д. Уалтаев³, 2023

¹Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова;

²Будапештский столичный университет, Будапешт;

³Институт экономики КН МОН РК.

E-mail: altyn.lazzat@mail.ru

АНАЛИЗ РЫНКА ТРУДА КАЗАХСТАНА: НЕФОРМАЛЬНАЯ ЗАНЯТОСТЬ

Уалтаева Алтын Слямкайдаровна — кандидат исторических наук, ассоциированный профессор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, 050010, Алматы, Казахстан
E-mail: altyn.lazzat@mail.ru. ORCID 0000-0002-6058-6061;

Ласло Васа — PhD, профессор, проректор по научной работе Будапештского столичного университета, Будапешт, Венгрия

E-mail: Laslo_basa@mail.ru;

Уалтаев Мухтар Дулатович — PhD докторант Института экономики КН МОН РК, г. Алматы, Республика Казахстан

E-mail: mukhtar_8282@list.ru.

Аннотация. Статья «Анализ рынка труда Казахстана: неформальная занятость» представляет собой исследование рынка труда в республике с акцентом на неформальную занятость. Авторы статьи анализируют различные аспекты неформальной занятости в Казахстане, включая ее уровень, динамику, причины и последствия. В статье исследуется неформальная занятость как распространенное явление, составившее значительную долю от общего числа занятых казахстанцев в современный период. Авторы отмечают, что она имеет свои преимущества, такие как более гибкие графики работы и возможность получения дохода без официального трудоустройства. Однако изучены и недостатки неформальной занятости, такие как низкий уровень заработной платы, отсутствие социальных гарантий и нестабильность. В статье анализируются различные причины появления новых форм занятости в республике, такие как: экономический кризис, низкий уровень доходов и сложности при официальном трудоустройстве. Кроме того, авторы исследовали негативные последствия неформальной занятости, например, такие, как увеличение неравенства доходов и низкий уровень социальной защищенности работников. В научный оборот вводятся результаты исследования неформальной занятости в Казахстане как формирующиеся новые и важные аспекты рынка труда, которые нуждаются в регулировании и поддержке со стороны государства. Аргументируется необходимость создания

более стабильной и защищенной среды для работников неформального сектора экономики, которые в перспективе могут стать основными формами занятости не только в республике, но и в глобальном мире.

Ключевые слова: экономический кризис, рынок труда, неформальная занятость, цифровые платформы

Финансирование. Данное исследование финансируется Комитетом по науке Министерства образования и науки Республики Казахстан (ИРН OR11465469 «Разработка академического издания «История Казахстана с древнейших времен до наших дней» в семи томах»).

Введение

Вследствие экономического кризиса, по причине введения ограничительных карантинных мероприятий возникли национальные и региональные ограничения на передвижение людей, направленные на замедление распространения COVID-19 во всем мире, и это привело к закрытию предприятий и негативным последствиям для рынков рабочей силы во всем мире, в особенности в неформальном секторе.

Проблема неформальной занятости усложнилась из-за эпидемии. Если игнорировать неформальную экономику при разработке пакетов, стимулирующих занятость во время и после пандемии, это может усугубить социальные проблемы.

Высокая безработица и низкая заработная плата в официальном секторе экономики является одной из причин распространения неформальной занятости в Республике Казахстан. Низкая заработная плата официально работающих работников вынуждает их к поиску дополнительных источников дохода, и это зачастую приводит к неофициальной занятости.

Для анализа трудового рынка и неформальной занятости, в частности, необходимо выбрать методы, дающие достоверные и полезные данные о данном явлении. В силу скрытого и неформального характера, неформальная занятость представляет собой сложную проблему для исследователей. В связи с этим не существует универсально применимого единого метода анализа неформальной занятости. Это вызвано множеством факторов, связанных с самой природой неформальной занятости, ее разнообразием и контекстуальными особенностями разных стран и регионов.

Материалы и методы

Одной из причин отсутствия единой методологии является отсутствие единого определения неформальной занятости. Разные исследователи, организации и страны могут использовать разные концепции и критерии для определения неформальной занятости, что затрудняет ее сравнение и анализ. Например, одни исследователи могут считать неформальной занятостью только ту, которая не регистрируется в официальных статистиках, в то время как другие могут включать в нее и деятельность без трудовых договоров или социальной защиты. Еще одним фактором, способствующую на отсутствие единого

метода, является сложность получения надежных и репрезентативным данных о неформальной занятости. Из-за скрытой и неофициальной природы этого явления, сбор данных становится сложной задачей. Некоторые неформально занятые лица не желают раскрывать информацию о своей деятельности, что ограничивает возможности использования традиционных методов сбора данных, таких как опросы и официальные статистические источники.

Более того, неформальная занятость часто связана с экономическими и социальными неравенствами, что создает дополнительные трудности при ее анализе. Важно учитывать контекстуальные факторы, такие как культурные, правовые, и институциональные особенности каждой страны или региона. Это означает, что методы анализа неформальной занятости должны быть гибкими и адаптированными к конкретному контексту и целям исследования.

С учетом этих факторов, для анализа неформальной занятости необходимо использовать комбинацию методов и подходов. Это может включать количественные, качественные и эконометрические методы, опросы и интервью, анализ данных из официальных источников, цифровые источники, качественные исследования, бенчмаркинг и экономическое моделирование. Комбинирование этих методов дает более полную и точную картину неформальной занятости.

Рассмотрим основные методы анализа неформальной занятости, которые широко используются для ее анализа.

Первым методом для анализа неформальной занятости являются опросы и интервьюирование. Этот метод позволяет собрать информацию о трудовой деятельности от самого источника – от неформально занятых лиц. Исследователи могут задавать специально разработанные вопросы, которые помогают определить масштабы неформальной занятости, условия работы, мотивацию и другие важные аспекты этого явления. Однако важно помнить, что некоторые люди могут быть несклонными раскрывать информацию о своей неофициальной деятельности, опасаясь негативных последствий.

Второй метод, который можно использовать, заключается в использовании статистических данных по количеству зарегистрированных предприятий и индивидуальных предпринимателей в определенной отрасли или регионе. Одним из преимуществ такого подхода является то, что эти данные могут дать общее представление об секторе экономики и степени его формализации. Кроме того, эти данные помогают определить масштаб неформальной занятости в той или иной отрасли или регионе. Однако данный подход не учитывает неформальные малые и средние предприятия, а также индивидуальных предпринимателей, которые не зарегистрированы и не участвуют в налогообложении. Также возможно недостаточное количество данных о занятости и заработной плате в этих предприятиях, что может привести к недооценке объема неформальной занятости.

Третий метод, который становится все более популярным, заключается в использовании данных из цифровых источников. С развитием информационных

технологий и социальных сетей, люди все больше оставляют цифровые следы своей деятельности. Анализ таких данных может дать ценную информацию о неформальной занятости, например, путем анализа профилей в социальных сетях или онлайн-платформ. Однако использование таких данных требует соблюдения этических принципов и учета проблемы конфиденциальности.

Четвертый метод — это использование данных налоговых органов, связанных с выплатами заработной платы и уплатой налогов. Одним из основных преимуществ является возможность получения точной информации о выплаченной заработной плате и уплаченных налогах, что может значительно улучшить оценку объема неформальной занятости. Кроме того, такие данные могут использоваться для выявления теневых схем оплаты труда и уклонения от уплаты налогов. Однако есть и недостатки в использовании этих налоговых органов. Например, такие данные могут быть недоступны для научных исследований из-за их конфиденциальности. Кроме того, данные налоговых органов могут не учитывать работу, выполняемую на «черном рынке» и не подлежащую налогообложению. Также существует вероятность ошибок и неточностей в сборе и обработке данных налоговых органов. Таким образом, использование данных налоговых органов может быть полезным инструментом для изучения неформальной занятости, но требует осторожности в интерпретации полученных результатов и дополнительной проверки на достоверность.

Пятый метод, который можно использовать при анализе неформальной занятости — это использование эконометрических моделей. Эконометрический анализ выявляет связи и зависимости между различными переменными, такими как доход, образование, возраст и вероятность занятости в неформальном секторе. Использование эконометрики помогает понять факторы, влияющие на неформальную занятость, и оценить эффективность политики и мер, направленных на снижение неформальности.

Конечно, каждый из этих методов имеет свои преимущества и ограничения, и наиболее эффективным подходом может быть их комбинированное использование. Кроме того, стоит отметить, что анализ неформальной занятости является динамическим процессом, требующим постоянного обновления методов и подходов, для отражения меняющуюся природу этого явления. В заключение следует отметить, что выбор методов для анализа неформальной занятости должен основываться на конкретных целях исследования, доступных ресурсах, доступности данных и других соответствующих факторах. Важно выбрать методы, которые позволят получить наиболее точные и всесторонние результаты, чтобы лучше понять и эффективно решать проблемы, связанные с неформальной занятостью и ее последствиями.

При исследовании трудового рынка и неформальной занятости применялся комплекс методов, но согласно поставленной цели исследования основным методом является использования статистических данных. Этот метод позволяет использовать существующие базы данных и официальную статистику для изучения различных аспектов неформальной занятости.

Первоначально проведен обзор доступных баз данных и источников статистики, которые содержат информацию о неформальной занятости. Это может быть национальная статистика о труде и занятости, обследования населения, данные о доходах и другие релевантные источники.

Затем проведен анализ собранных статистических данных. Использовалась дескриптивная статистика, а именно распределение неформальной занятости по географическим областям, возрастным группам, образованию и другим характеристикам. Также мы применим статистические методы, такие как регрессионный анализ для выявления факторов, влияющих на неформальную занятость и оценки их воздействия.

Кроме того, мы можем провести сравнительный анализ неформальной занятости в разных регионах страны, используя статистические данные. Это позволит выявить различия и сходства в масштабах, характеристиках и последствиях неформальной занятости, а также исследовать эффективность различных политик и мер, принятых для ее регулирования.

Метод использования статистических данных является мощным инструментом для анализа неформальной занятости. Он позволяет получить объективные и количественные данные, которые могут служить основой для принятия решений и разработки рекомендаций в области трудовой занятости.

Результаты исследования

В сложившихся реалиях политической, экономической и социальной обстановки в мире, которые повлияли на экономическую ситуацию в Республике Казахстан, а также нехватка квалифицированных рабочих мест в формальном секторе также способствуют распространению неформальной занятости. Из-за этого показатель неформальной занятости в нашей стране достаточно высокий. По имеющимся данным, доля людей, работающих в неформальном секторе, составляет 40-45% экономически активного населения страны (Основные показатели рынка труда в Республике Казахстан, 2022). Согласно официальным сведениям, доля неформальной занятости в 2020 году составила около 13 % рабочей силы. К тому же, показатель неформальной занятости предельно высокий в торговле, строительстве, транспорте и, конечно же, в производстве, а больше половины в сельском хозяйстве. Поэтому необходимо создание достойных условий труда для людей, работающих в нестандартных формах труда, включая тех, кто работает через цифровые и онлайн платформы, самозанятых и неформально занятых, а еще и помочь в официальном оформлении на работу.

В период с 2016 по 2020 гг. увеличилось число занятых на 2,1 процент или на 179 000 человек и составило 8,7 млн. человек (Основные показатели рынка труда в Республике Казахстан, 2022). Доля мужчин среди занятого населения находится на постоянном уровне 52–53 %, а в 2020 году их количество увеличилось до 4,5 млн. человек. При этом доля занятого населения в городах увеличилась с 57,2 % до 60,1 % (4,9 млн. в 2016 г. и 5,1 млн. в 2020 г.). За отчетный период зафиксирован наибольший рост (в 30 раз) численности

работников, оказывающих услуги по договорам ГПХ: 2016 г. – 1,9 тыс., 2020 г. – увеличилось до 57,4 тыс. человек. К тому же, в 2020 году численность трудоустроенного населения (по сравнению с прошлым годом) уменьшилась на 49 тыс. человек, остановив ежегодный рост предыдущих лет, одной из причин чего стали ограничительные меры, введенные из-за COVID-19. В итоге произошло снижение на 157 тысяч человек, в том числе работники организаций – на 89 тысяч, самозанятые, работающим за свой счет, по договорам ГПХ и в ЛПХ – на 50, 10,2 и 8 тысяч соответственно. Это было частично компенсировано увеличением найма работников из числа физических лиц (на 53 тысяч человек). В 2016–2020 годах основные изменения в отраслевой структуре занятости произошли в торговле и сельском хозяйстве. (Основные показатели рынка труда в Республике Казахстан, 2022). Например, доля занятых в общей численности занятых в торговле увеличилась с 15,3 % до 16,3 % (1,4 млн. человек), то в сельском хозяйстве, наоборот, наблюдается устойчивая тенденция к снижению с 16,2 % до 13,5 % (1,2 млн. человек). Также за рассматриваемый период численность занятых в строительной отрасли уменьшилась на 48 тысяч человек или на 7 %. В 2020 году снижение численности занятых произошло во всех основных отраслях экономики, кроме образования (осталось на прежнем уровне), а также здравоохранения и социальных услуг (увеличилось на 9 тысяч человек или 1,8 %).

